



АҚЫЛЫ ТҰРАҚ КӨП ПЕ?

7-БЕТ | ҚОҒАМ



ЖАСӨСПІРІМДЕР НЕГЕ ҚАТЫГЕЗ?

8-БЕТ | МӘСЕЛЕ



СЫНАҚТАН СҮРІНБЕГЕНДЕР

9-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ӘЛЕМДЕ ӨҢІРЛІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІК ДЕНГЕЙДЕ 183 ҚАҚТЫҒЫС ОРЫН АЛДЫ. ЖАНЖАЛДАРДЫҢ САНЫ ШАМАМЕН 30 ПАЙЫЗҒА АРТҚАН. БҰЛ – СОҢҒЫ ОТЫЗ ЖЫЛДАҒЫ ЕҢ ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШ. САРАПШЫЛАР ҚАҚТЫҒЫСТАР МЕН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ЖАҒАНДЫҚ ЦИКЛЫ БЕЛЕҢ АЛЫП КЕЛЕ ЖАТЫР ДЕП САНАЙДЫ. ОСЫ РЕТТЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРРОРИЗМНЕН ДЕ ТӨНЕТІН ҚАУІП КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ.

№40
(4628)

Бейсенбі
4 сәуір
2024 жыл



АСТАНА



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ӘСКЕРИ ШЕРУЛЕР ӨТПЕЙДІ

Биыл елімізде 7 және 9 мамырда әскери шерулер өткізілмейді. Бұл жөнінде Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі мәліметті.

«Бюджет қаржысын үнемдеу мақсатында, сондай-ақ басқа да міндеттерді шешу қажеттілігіне байланысты 2024 жылы Қазақстанда әскери парад өткізу жоспарланып отырған жоқ» делінген Қорғаныс министрлігінің хабарламасында. Сондай-ақ Қазақстан Қарулы Күштері бөлімшелерінің жауынгерлік әзірлігі мен ұтқырлығының талап етілетін деңгейін ұстап тұру шеру өткізуге қарағанда басым маңызға ие екені айтылады. Өткен жылы да дәл осы себеппен әскери шеру өтпеген еді.

ТІКЕЛЕЙ ӘУЕ РЕЙСІ АШЫЛДЫ

«Somon Air» әуекомпаниясының Душанбе-Астана-Душанбе бағыты бойынша алғашқы рейсі орындалды деп хабарлады Elorda.info.

Астана-Душанбе бағыты бойынша ұшу аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) B-737 үлгісіндегі әуе кемесінде орындалады. Жаңа әуе бағытының іске қосылуы Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы сауда-экономикалық, іскерлік, инвестициялық және туристік ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ықпал етеді.



АСТАНА КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗДЫ

Елдегі су тасқынынан зардап шеккендерге қайырымдылық көмек көрсетуге елордалықтар ерекше мән беріп отыр. Кеше астана-лық ассамблея мүшелері Қарағанды және Алматы облысындағы халыққа 10 мың тоннаға жуық гуманитарлық көмек жіберді.



ЕРТЕҢ – ҚАДІР ТҮНІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының мәліметі бойынша биылғы Рамазан айының қасиетті Қадір түні 5 сәуірден 6 сәуірге қараған түні болады.

Қадір түні жайлы Құран Кәрімнің «Қадір» сүресінде «Осы түні жасалған ғибадат мың айға, яғни сексен үш жылдың сауабына пара-пар» деп баяндалған. Мың айдан да қайырлы Қадір түні 5 сәуір күн батқаннан 6 сәуір сәресіне дейін жалғасады. Астана қаласының мешіттерінде Қадір түніне арналған діни-рухани іс-шаралар ұйымдастырылады.

КӨКТЕМДІ ЖҮГІРІП ҚАРСЫ АЛ!

Елордада алдағы жексенбі, яғни 7 сәуір күні «Астана Триатлон» саябағында қаланың әрбір тұрғыны мен қонақтары қатыса алатын 5 шақырым қашықтыққа жүгіру және балаларға арналған 400 метр мен 1 шақырым қашықтыққа жүгіру жарысы өтеді.

Бас қалада бұқаралық спортты дамытуға бағытталған «Astana Run» жүгіру іс-шарасы 4 кезең бойынша көктем, жаз, күз және қыс айларында ұйымдастырылады.

Алғашқы көктемгі жүгіруге келесі жас са-

батында қатысуға барлық ниет білдірушілер (ерлер мен әйелдер) шақырылады: 18-29 жас; 30-39 жас; 40-49 жас; 50-59 жас; 60 және одан жоғары.

Балалар жарысы келесі жас санаты арасында өтеді: 3-9 жас

(400 м); 10-17 жас (1 км).

Жарыс туралы толық ақпарат www.astanatriathlon.kz сайтында, сондай-ақ ұйымдастыру комитетінің Instagram-парақшасында жарияланады: @astana_triathlon


5K
ASTANA RUN
КӨКТЕМГІ ЖҮГІРІСІ
07.04.2024
ТРИАТЛОН САЯБАҒЫ

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 480.83 \$ USD/KZT 447.53 ₸ RUB/KZT 4.84 ¥ CNY/KZT 61.85

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



Президент ШЫҰ кеңістігіндегі ұжымдық қауіпсіздіктің рөлі артып келе жатқанын ескере отырып, ұйымға мүше елдердің қауіпсіздік кеңесі хатшыларының кездесулері айрықша өзекті екенін атап өтті.

«Өткен жылы әлемде өңірлік және жергілікті деңгейде 183 қақтығыс орын алды. Жанжалдардың саны шамамен 30 пайызға артқан. Бұл – соңғы отыз жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Сарапшылар қақтығыстар мен зорлық-зомбылық әрекеттерінің жаһандық циклы белең алып келе жатыр деп санайды. Осы ретте халықаралық терроризмнен де төнетін қауіп күшейіп келеді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, таяуда көптеген бейбіт тұрғынның өмірін жалмаған Мәскеу облысындағы қайғылы оқиға лаңкестердің зорлық-зомбылықтың ең қауіпті әрекеті болып табылады. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі кінәлілердің бәрін жауапқа тарту қажет екенін, сондай-ақ терроризммен күрес мәселесінде халықаралық ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығын атап өтті. Ең бастысы, болған істен дұрыс қорытынды шығарып, нақты шаралар қабылдау керек. Азаматтарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, террорлық қауіп-қатерлерге лайықты төтеп беруге тиіспіз» деді Қазақстан Президенті.

«Қазақстан лаңкестік әрекетті қатаң айыптайтынын бірден мәлімдеді және Ресеймен бірге екенін білдірді. Екі елдің арнаулы қызметтері терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ұдайы байланыста. Мәскеу облысындағы лаңкестік әрекетті бүкіл әлем, соның ішінде бүгін өздеріңіз өкілі ретінде келіп отырған елдер де қатаң айыптады. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі кінәлілердің бәрін жауапқа тарту қажет екенін, сондай-ақ терроризммен күрес мәселесінде халықаралық ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығын атап өтті. Ең бастысы, болған істен дұрыс қорытынды шығарып, нақты шаралар қабылдау керек. Азаматтарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, террорлық қауіп-қатерлерге лайықты төтеп беруге тиіспіз» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Шанхай ынтымақтастық ұйымы кезінде өңірдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, «Үш зұлым күшке» бірігіп қарсы тұру мақсатында құрылғанын еске салды.



ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ІРГЕСІ БЕРІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ақорда» резиденциясында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің қауіпсіздік кеңестері хатшыларымен кездесу өткізді. Қазақстан Президенті қазіргі уақытта Шанхай ынтымақтастық ұйымының Астанадағы саммитіне дайындық жүріп жатқанын айтып, аталған шараның еліміз үшін мәні зор екеніне назар аударды.



«Бүгінде мұндай қатерлердің сейілмегені өз алдына, олар түрленіп, бұрынғыдан бетер қауіпті бола түсті. Өз кезегінде, біздің тарапымыздан анағұрлым жүйелі әрі батыл шаралар қабылдау қажет. Мемлекеттеріміздің шырқын бұзатын терроризм, экстремизм және сепаратизм әрекеттерінің белең алуына жол беруге болмайды. «Үш зұлым күшке», сондай-ақ трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз есірткі айналымына және киберқауіпсіздік сын-қатерлеріне қарсы күрес Қазақстанның ШЫҰ-ға төрағалық ету кезеңіндегі ең басты

басымдықтардың бірі саналады» деді Президент.

Мемлекет басшысының пайымдауынша, Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2025-2027 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасын қабылдау керек. Сонымен қатар Президент ШЫҰ-ның Есірткіге қарсы 2024-2029 жылдарға арналған стратегиясын және оны жүзеге асыру жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын қабылдау маңызды екеніне тоқталды.

«ШЫҰ – жаңарып келе жатқан халықаралық қауіпсіздік архитектурасы негіздерінің бірі. Сондықтан біздің ұйым өңіріндегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейтін өзара келісілген әрі нақты қадамдардың үлгісін көрсетуге тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Оның пікірінше, Ауғанстан аумағы халықаралық лаңкестік топтардың ұясына айналмауы үшін бұл елдегі ахуалға ерекше назар аударған жөн. Қазақстан Президенті аталған елдегі гуманитарлық дағдарыстың алдын алуға және ұзақмерзімді тұрақтылықтың сақталуына жағдай жасауға бағытталған жұмыстарды жалғастыру маңызды деп санайды.

«Таяу Шығыстағы қақтығыс та қауіпсіздікке нұқсан келтіретін

елеулі факторға айналып отыр. Оның қайғылы салдары бейбіт халыққа ауыр тиіді. Аймақтағы тұрақтылыққа орасан зор зиян келді. Қақтығыс одан әрі ұшығып кетпеуі үшін жоғары деңгейдегі дипломатия қажет. Жалпы, халықаралық жағдай шиеленісіп тұр деп айтуға болады. Дүние жүзі халқының тең жартысының атынан әрекет ететін біздің ұйым қауіпсіз әрі әділетті әлем құру формуласын ұсына алатынына сенімдімін» деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның ашық саяси-дипломатиялық диалогты, өзінің жаһандық және өңірлік серіктестерімен конструктивті қарым-қатынас жасауды қолдайтынын мәлімдеді.

«Біз Еуразиялық қауіпсіздіктің тұтастығы қағидатын ұстанамыз. Ол өзара түсіністік пен сенім шараларына негізделген. Мұндай тәсіл ШЫҰ кеңістігінде қауіпсіздік белдеуін қалыптастыру жөніндегі стратегиялық міндеттің негізі болуға тиіс. Қазақстан әлемдегі бейбітшілік пен мемлекеттердің тату өмір сүруін қамтамасыз етуге өз үлесін қосуды ұйымға төрағалығының басымдығы ретінде атады. Сондықтан біз ШЫҰ-ның «Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы» бастамасын бірлесіп әзірлеп, қабылдауды ұсындық. Қазақстан тарапы осы аса маңызды құжаттың жобасын талқылау

барысында аталған мәселеге дипломатиялық тұрғыдан қарауға дайын» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев қақтығыстармен және лаңкестік әрекеттердің белең алуымен қатар, климат дағдарысы, азық-түлік, су, көлік және энергетикалық қауіпсіздік салаларында сын-қатерлер байқалатынына назар аударды.

«ШЫҰ заманауи сын-қатерлер мен қауіптерге қарсы қолданатын әдіс-тәсілдерін кеңестері хатшыларының кездесулері маңызды рөл атқарады. Сіздер ұлттық қауіпсіздіктің әртүрлі бағытына жетекшілік етесіздер. Қазір сын-қатерлер мен қауіптерге қарсы күресу үшін біртұтас әрі біріккен жұмыс тәсілі өте маңызды» деді Президент.

Мемлекет басшысы ШЫҰ-ға мүше елдердің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қауіпсіздік кеңестерінің

хатшылары үйлесімді жұмыс істеуі қажет екенін атап өтті.

«Өкінішке қарай, әлемдегі жағдай жақын арада жақсара қоймайтын сияқты. Елдеріміздің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін сын-қатер әлі де бар десек, артық айтқандық емес. Бұл мемлекеттеріміздің Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында бірігіп қажет екенін көрсетеді. Сол арқылы сырттан келетін барлық қауіпті тойтаруға және жоюға бағытталған бірлескен күш-жігер мен нақты шаралар қабылдаймыз. Сондықтан біз Шанхай ынтымақтастық ұйымының қызметіне бұрын да, қазір де баса назар аударамыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, ұйымның күн тәртібі бірегей саналады. Онда экономикалық ынтымақтастық, инвестициялық саясат, мәдениет, гуманитарлық байланыстар саласындағы ықпалдастық және басқа да көптеген мәселе қамтылған.

«Халықаралық терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелерін бөлек қарастырамыз. Әрине, мұнда біз саяси ерік-жігер көрсетуге тиіспіз. Солайша бірге екенімізді танытып, ең бастысы, тиімді әрекет етуіміз керек. Қазақстан бұл игі іске өзінің елеулі үлесін қосады. Бұған сенімді болыңыздар. Сондықтан мен Шанхай ынтымақтастық ұйымының Астанада өтетін алдағы саммитіне зор үміт арттымын» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, кездесуге қатысушылардың ШЫҰ кеңістігіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету және «шанхай рухын» күшейту жолындағы жұмысына табыс тіледі. Жиында Ресей Федерациясы Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Николай Патрушев, Қытай Халық Республикасының Қоғамдық қауіпсіздік министрі Сюохун Ван, Үндістан Премьер-министрінің Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Аджит Довал, Өзбекстан Республикасының Президенті жанындағы Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Виктор Махмудов, Қырғыз Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Марат Иманкулов, Тәжікстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Насрулло Махмудода, Пәкістан Ислам Республикасы Кеңестері хатшыларының кездесулері маңызды рөл атқарады. Сіздер ұлттық қауіпсіздіктің әртүрлі бағытына жетекшілік етесіздер. Қазір сын-қатерлер мен қауіптерге қарсы күресу үшін біртұтас әрі біріккен жұмыс тәсілі өте маңызды» деді Президент.



ӘСКЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҒЫН БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады. Президент – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа армияның жауынгерлік дайындығының жай-күйі туралы баяндалды.

Руслан Жақсылықов әскери бөлімшелердің жедел іс-қимылдарға және жауынгерлік дайындығы, басқару органдары мен жеке құрамды оқытуға бағытталған негізгі күш-жігер жөнінде айтты. Сонымен қатар Қарулы Күштердің дағдарыс жағдайында, оның ішінде қазіргідей су тасқынына қарсы күрес кезінде орталық және жергілікті билік органдарымен тиімді байланыс орнату маңызды екеніне назар аударды.

Президентке Қарулы

Күштерді заманауи техникамен және қару-жарақпен жарақтандыру, аумақтық қорғаныс әскерлерін күшейту, әскери инфрақұрылымды жетілдіру ісі жөнінде мәлімет берілді. Қазақстанның ШЫҰ мен ҰҚШҰ-ға төрағалығы аясында 2024 жылға жоспарланған шаралар, сондай-ақ ауқымды оқу-жаттығу жиындарын, оның ішінде халықаралық деңгейдегі іс-шаралар өткізу жайында айтылды.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына ведомствоның жауынгерлік-патриоттық тәрбие беру, көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру, әскери қызметшілердің әлеуметтік мәртебесін және әскери қызметтің беделін арттыру жұмыстары туралы баяндалды.

Президент БҰҰ аясында Голан жоталарындағы қазақстандық бітімгерлік контингент қызметінің маңызды екенін атап өтті. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев министрге Қарулы Күштердің жауынгерлік әлеуетін одан әрі арттыру жөнінде бірқатар міндет жүктелді.

ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРАДЫ

Мемлекет басшысы су тасқынынан зардап шеккен өңірлердің біріне жұмыс сапарымен барады. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі

– баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасында жазды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 4 сәуір

күні су тасқынынан зардап шеккен өңірлердің біріне жұмыс сапарымен барады. Сапар туралы қосымша ақпарат кейінірек хабарланады» деп жазды Берік Уәли.



ЫҚПАЛДАСТЫҚ ЖАЙ-КҮЙІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Бақытжан Сағынтаевты қабылдады. Кездесу барысында Президент Бақытжан Сағынтаевты Еуразиялық экономикалық комиссия (ЕЭК) алқасының төрағасы қызметіне кірісуімен құттықтады.

Мемлекет басшысына ЕЭК қызметінің басым бағыттары және оны одан әрі дамыту перспективасы, сондай-ақ Қазақстан мен ЕЭК арасындағы өзара ықпалдастықтың

жай-күйі туралы баяндалды. Сонымен қатар кездесуде 2030 және 2045 жылдарға дейінгі «Еуразиялық экономикалық жол» декларациясын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар

жоспарын әзірлеу, сондай-ақ биыл мамыр айында Мәскеуде өтетін Жоғары еуразиялық экономикалық кеңестің мерейтойлық отырысына дайындық мәселелері талқыланды.

ТАРИФ ҚЫМБАТ, ИНТЕРНЕТ БАЯУ

Қазір байланыс құралдарынсыз өмірімізді елестету мүмкін емес. Мобильді байланыс күнделікті тіршілігімізге дендеп енді. Алайда ұялы байланыс қызметі тарифінің күннен-күнге қымбаттауы халықтың қалтасын қағып, тынысын тарылтып барады. Тарифтер жыл санап емес, ай санап өсуде.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің мәліметінше, ұялы байланыс қызметтерінің тарифтік жоспарлары 2023 жылы 57%-ға дейін өскен. Ал 2021-2022 жылдары тарифтердің өсуі орташа алғанда 13-тен 37%-ға дейін болған. Атап айтсақ, 2023 жылдың сәуірінде Билайн «Яркий» тарифтік жоспарын 1790 теңгеден 2490 теңгеге дейін (өсуі 39%); Кселл мен Теле2 тамыз айынан бастап әртүрлі тарифтік жоспарының өсетінін мәлімдеген. Атап айтқанда, «Реальный безлимит» (Кселл) 3390 теңгеден 4390 теңгеге (өсуі 29%), «Просто супер» (Теле2) 2590 теңгеден 3290 теңгеге (өсуі 27%) өсті.

Ең қызығы, Актив, Кселл операторлары тарифке 1 мың теңге, ал арнайы әлеуметтік желілердегі интернетті лимитсіз қолдану үшін тағы 990 теңге үстінен қосып отыр. Сонда бар-жоғы 3390 теңгелік тариф 5380 теңгеге дейін, яғни 59 пайызға қымбаттады.

Елімізде ҚР «Байланыс туралы» заңының 20-бабына сәйкес, операторлар байланыс қызметінің тарифтерін негіздей отырып, өздері қояды. Осылайша, олардың тарифті негізделген шығындар бойынша өздері қалыптастыруына жағдай жасалып қойған. Бұл ретте операторлар тіпті Бәсекелестікті қорғау агенттігін хабардар етуге де міндетті емес. Тарифтің өсетіні туралы бір ай

бұрын хабардар етсе болғаны. Агенттік бағаның өсуі күдік туғызғанда ғана оның негізділігін тексеріп, заңсыздық анықталған жағдайда, айыппұл сала алады. Оның мөлшері монополистік қызмет нәтижесінде алынған кірістің небәрі 5 пайызын ғана құрайды. Өйткені бәсекелестікті дамыту мақсатында, Кәсіпкерлік кодекске сәйкес, 2017 жылдан бастап байланыс қызметінің тарифін мемлекеттік реттеу алынып тасталған.

Сонымен, тарифтердің былайша жөнсіз көтеріле беруіне, біріншіден, заңның жұмсақтығы себеп болса, екінші жағынан, операторлардың нарықта монополиялық жағдайды иемденуіне байланысты. Бұдан бөлек, операторлардың клиентке ескертпестен біржақты тарифтік жоспарды өзгерту, интернет-трафикті ұлғайту, бағасын қымбаттату фактілері жиі кездеседі. Тұтынушылардың шағымы негізінде тиісті министрлік байланыс қызметін көрсету ережесіне тұтынушылар құқығын қорғау бойынша өзгеріс енгізілген. Бірақ ұялы байланыс операторлары мұнымен келіспей, соттасып жүрген көрінеді.

Тағы бір мәселе, байланыстың бағасы қымбат болса да, сапасының сын көтермеуі. Байланыс өте әлсіз және интернеттің жылдамдығы тым баяу. Speedtest жаһандық рейтингі бойынша мобильді интернет жылдамдығы бойынша Қазақстан 142 елдің арасында 67-орында тұр.

Сонымен қатар елімізде әлі де интернет жетпеген ауылдар бар. Мәселен, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 6290 ауыл болса, соның ішінде 1,5 мың ауылда мобильді интернет мүлдем жоқ. Ал 902 ауылда тек бір ғана мобильді оператор бар. Демек, тұтынушыда ешқандай таңдау жоқ. Содан кейін «қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса» дегендей, операторлар өзі қалаған бағаны қоймай қайтсын. Осы айтылғандарды ескере отырып, мынадай мәселелерді қолға алуды ұсынамыз:

1. Үкімет ұялы байланыс нарығын монополиядан арылту шараларын қолға алу керек. Бұл ретте мемлекетіміздің қауіпсіздігі мен тұтынушылар мүддесі барынша ескерілгені жөн.

2. Ұялы байланыс пен интернет сапасын арттыру, бүкіл өңір мен ауылдық елді мекендерді толық интернетпен қамтамасыз ету шараларын қабылдау тиіс. Осы ретте мүлдем мобильді интернеті жоқ 1432 ауылға желіні жеткізу бойынша нақты жол картасын даярлауымыз қажет.

3. ҚР Үкіметі ұялы байланыс қызметін көрсету және олардың тарифін белгілеу бойынша тұтынушылардың құқығын барынша қорғау бағытында заңнама талаптарын күшейтетін өзгерістер әзірлеуі қажет.

Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,
Мәжіліс депутаты

ТАСҚЫН ҚАУШ СЕЙІЛГЕН ЖОҚ

Елімізде су тасқынының қаупі әлі сейілген жоқ. Қазірдің өзінде 5 облыс топан су басатын аумақта қалып отыр. Ақпанда жауған жауыннан 2 метр қары мен мұзы қоса қатқан Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарында қар көбесі әлі сөгілген жоқ. Өзендердің көпшілігі арнасына толды. Демек, қауіп-қатерден алдын ала сақтанып, жедел қарекетке көшу керек.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

ТОПАН СУДЫҢ АУМАҒЫНДА ҚАНША ӨҢІР БАР?

Үкіметтегі бітпейтін көп жиынның бірінде Төтенше жағдайлар министрінің орынбасары Бауыржан Сыздықов су басатын аумақта 5 облыс қалды деген ақпарат келтірді.

«Су тасқынының жағдайы тұрақты – күрделі. Батыс аймақтарда су аздап төмендеді, орталық, солтүстік және шығыс бөліктерінде, керісінше, өзендер деңгейінің қарқынды жоғарылауы байқалады. Су басу аймағында 5 облыс қалып отыр, әкімдіктермен жергілікті ауқымдағы 20 төтенше жағдай жарияланды» деді ол.

Алайда Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қарағанды облыстарында жағдай әлі күрделі. Мысалы, Қарағанды облысының Шет ауданындағы Қайрақты ауылының тұрғындары Үкіметтен ешқандай көмек болмағанына шағымданып, Үкімет басшысына, аудан және ауыл әкіміне бейнежолдау жіберіпті. Үйіне су кірген, жас балалары сырқаттанған қайрақтылықтар бүрсен қағып далада жүр. Халімізді ешкім сұрамайды. Не істерімізді білмейміз. Қонатын жер жоқ. Бұл Үкімет бізге қашан көмектеседі?!



2015 жылы су тасыған кезде дәл осылай алдап тастап кеткен. Құлап жатқан үйлеріміз бар, кеткен малымыз бар, қорамыз бар. Соны біздің әкімдік тексеріп, қашан өтеп береді? Алдап кетіп жатыр. Қағаз жүзінде оны ешкім келіп тіркеп жатқан жоқ. Бұл – халықтың жанайқайы» дейді олар. Мемлекет басшысының: «Ешкім назардан тыс қалмайды, зардап шеккен тұрғындарға түгел көмек көрсетіледі» деген сөзіне құлақ аспаған шен-шекпенділер де бар. Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің: «Төтенше жағдайлар министрлігі әкімдіктермен және басқа да күштік құрылымдармен бірлесіп, су басқан елді мекендерде авариялық-құтқару және кезек күттірмес шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін күштер мен құралдардың жеткілікті көлемін қамтамасыз етсін» дегені әл-әзір сөз жүзінде қалғаны ма?!

Олжас Бектенов Үкіметтегі жиында тасқынға орай ел тұрғындарына көмек қолын созып жатқан құтқарушыларға, ұшқыштарға, Ішкі істер, Қорғаныс министрліктері мен Ұлттық ұлан қызметкерлеріне, медицина қызметкерлеріне және қатардағы еріктілерге алғысын білдірді.

«1,5 мыңға жуық үй су астында қалды. Баспаналар қирап, жолдар бұзылды. Бірқатар өңірде жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай жарияланды. Керіп отырғанымыздай, өңірлер су тасқынының нақты қаупін жете бағалай алмады. Біз жұмысты барынша күшейтуге тиіспіз. Мемлекет басшысы кешегі кеңес барысында тасқын қаупі азайды деуге болмайтынын атап өтті. Алдағы күндері болжам бойынша ауа райы айтарлықтай жылынады деп күтілуде. Демек, еліміздің солтүстік, орталық және шығыс өңірлерінде су тасқындардың жеткілікті көлемін кезеңі басталады. Бұған дайын болуымыз керек» деді ол.

Бұған Үкімет пен әкімдер қаншалықты дайын болатынын уақыт көрсетер.

№40 (4628) 04/04/2024 Бейсенбі



15 НАУРЫЗ 2024 Ж. АТЫРАУ

ЫРЫСТЫҢ БАСТАУЫ – ҮНЕМШІЛДІК. ДАМУҒАН ЕЛДЕРДЕ ЖАРЫҚ ПЕН СУҒА ДЕЙІН ҮНЕМДЕП ПАЙДАЛАНУ ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ АЙНАЛҒАН.

АЛ БІЗДЕ БҰҒАН МҮЛДЕ КЕРЕҒАР ЖАҒДАЙ ҚАЛЫПТАСҚАН. МИЛЛИОНДАҒАН АДАМНЫҢ ЫСЫРАПШЫЛДЫҒЫ БҮКІЛ ЕЛДІҢ БАЙЛЫҒЫН ЖЕЛГЕ УШЫРАДЫ. ӘРҚАЙСЫМЫЗ ҮНЕМШІЛ ӘРІ УҚЫПТЫ БОЛСАҚ, ЕЛІМІЗДІҢ БЕРЕКЕСІ АРТА ТҮСЕР ЕДІ. ҰРПАҚТЫҢ САНАСЫНА ОСЫНЫ СІҢІРЕ БЕРУІМІЗ ҚАЖЕТ.

ОСЫ ДЕРТТІҢ БӘРІНЕН ТҮБЕГЕЙЛІ АРЫЛСАҚ, ҰЛТЫМЫЗДЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТАМЫЗ. ОНЫ МҮЛДЕ ЖАҢА ДЕНГЕЙГЕ КӨТЕРЕМІЗ.



Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ

Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінен

Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кеңесшісі:

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫ ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛАДЫ?

– Президент Әкімшілігі Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысынан кейін Үкіметпен бірлесіп, Мемлекет басшысының бастамаларын тиімді жүзеге асыру жолдарын пысықтады. Соның нәтижесінде Президент тапсырмаларын орындауға арналған жоспар қабылданды. Құжаттың көлемі ауқымды, 40

тармақтан тұрады. Онда түрлі іс-шара көзделген. Жоспарға сәйкес, 10 заң (есірткі өндіргені үшін жауапкершілікті қатаңдату, лудоманияға қарсы күресу, тарихи нысандарды қорғау, археология саласы, ономастикаға қатысты жұмыс, мемлекеттік наградалар туралы және басқалары) әзірленіп, қабылданады. Сондай-ақ заңсыз

ойын бизнесіне және лудоманияға қарсы күрестің 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспары және басқа да бағдарламалық құжаттар қабылданбақ. Бір сөзбен айтсақ, Президенттің Атырауда көтерген бастамалары құзырлы мемлекеттік органдардың ұзақ мерзімге арналған жұмысына арқау болып отыр.



Жанарбек ӘШІМЖАН,
Мәжіліс депутаты:

АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР ҚОЛҒА АЛЫНАДЫ

– Жалпы Ұлттық құрылтай, негізінен, идеологиялық бағыттағы диалогтар алаңы. Мемлекет басшысының баяндамасы, негізінен, мәдени-рухани кемелдену мен тарихи-әлеуметтік әділдіктің салтанат құруына бағытталды. Президент елдің береке-бірлігінің ұйытқысы мен қоғамның негізгі жұмылдырушы күші ретінде зиялы қауымның жауапкершілігіне ерекше тоқталды. Сонымен қатар Президент қоғамда арагидік қозғалып жүрген мемлекеттік нысандарды жаңғыртуға қатысты көзқарасын білдірді. «Біздің көк туымызда мін жоқ. Онда еліміздің бірегей болымды нақты бейнеленген. Әнұранымыз да нағыз ұлттық рухты паш етеді. Бір сөзбен айтсақ, әнұранымыздың сөзі де, әуені де халықтың жүрегіне әбден орныққан. Ал елтаңбамызға қатысты сыни пікірлер айтылып қалады. Оны кеңес заманындағы гербке ұқсатып жатады. Тым эклектикалық, күрделі дейді. Мұндай ойды белсенді азаматтар ғана емес, мамандар да айтып жүр. Ортақ келісімге келген жағдайда арнаулы комиссия құруға болады. Бұл комиссия мәселені жан-жақты қарастырып, қоғамдық талқылау өткізу керек» деді Президент. Бұл елтаңбаны түбегейлі өзгертеміз деген пікірді білдірмесе керек. Яғни қандай шешім болса да қоғамдық талқылаулар арқылы ғана шешіледі деген сөз. Қазақ қоғамын жалпұлттық деңгейде ойлауға, елдік істерде тізе қосып еңбек етуге шақырған Президент ұрпақ тәрбиесіне, ұлт саулығына, рухани кемелденуге байланысты бірқатар нақты міндет жүктеді.

Адал адам! Адалдық – елдік істегі ең маңызды ұғым. Өске-лен ұрпақ бойына әділдікті, еңбексүйгіштікті сіңіру – уақыт талабы. «Елімізде көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр, білімді жастар көп. Біз олардың бойына асыл қасиеттерді сіңіруіміз қажет» деді Президент. Түсінгенге асыл қасиеттің шыңы осы адалдық болмақ.

Адал еңбек! «Жеке мүддесін емес, ел мүддесін бәрінен биік қоятын азаматтар ұрпаққа үлгі болуы қажет». Саналы ғұмырын ел-халыққа арнаған тұлғалардың өмірін нақты мысалға ала отырып, жас буынға осы отаншылық «витаминді» сіңіру жағына тоқталды.

Адал табыс! Бүгінде мемлекет тарапынан жастардың кәсіппен айналысуына бар мүмкіндік жасалған. Түрлі бизнес бағдарламасына қатысу арқылы өндіріс орындарын ашу, халықты жұмыспен қамту үшін жаңа Үкіметке бірқатар жүйелі міндет жүктелген. Енді Жаңа Қазақстанның жалынды жастарын адал кәсіппен таза табыс табуға ынталандыруға басымдық берілмек.

Ұрпақ саулығы! Өкініштісі, қоғамда әлі де денсаулыққа зиянды химиялық өнімдерге, синтетикалық есірткіге, вейптерге деген тәуелділік тыйылмай тұр. Президент бұл қасіреттердің атын атап, түсін түстеп, індеттен арылудың заңдық негізін ашыды. Адал еңбек емес, жеңіл жолмен табыс табуға ұмтылған жастарымыз лудомания дертіне шалдығуда. Аманат партиясы фракциясының бастамасымен осы мәселе бойынша тиісті заң жобасы әзірленді. Президентіміз Парламентте қаралып жатқан осы жобаны биылғы сессияның соңына дейін қабылдау қажет деп кесіп айтты.

Мемлекет басшысы өз баяндамасында еліміздегі тұрмыстағы зорлық-зомбылық, буллинг пен агрессия, вандализм, ысырапшылық секілді «заман зардабына» үңіліп, құрылтай мүшелерін салт-дәстүрімізге, тәрбие сабақтастығына жат қылықтардан арылуға білек сыбана қызмет етуге шақырды. Мемлекет басшысы баспана бағдарламасына баса мән берілетінін қайталады. «Оттау» ел тұрғындарының осы «жыртығын» бүтіндеуге үлкен сеп болатынын тілге тиек етті.

Болашағы зор бағыттар: IT-технологиялар, цифрландыру, жасанды интеллект қоғамның барлық саласына жалпыластыру күн тәртібінен бір сәтке болса да түспеуі керек. Анығында, әлем жаңа арнаға бұрылуда. Озық технологияны үйрену, тұрмыста пайдалануға деген Президентіміздің ойы өзгеше. Үкімет осы міндеттерді орындаудың болашақ жобаларын жүйелі жүзеге асыруға әрекет етуде. Экономикалық, шаруашылықпен қатар, ұлттымыздың төл тарихы, бағзы салт-дәстүрімен үндес діні туралы да кемеңгер Кемелұлы мисал келтіріп, жіктеп, жүйеле берді. Тарихты жазуда эмоциядан зерттеу жұмысына ойысатын сәт келгенін, осы бағытта зиялы қауым, тарихшыларды ұлттық деңгейде ойлауға, жазуға шақырды. Бір сөзбен түйіндесек, Жайықтың жағасында айтылған орамды ойлар, ұнасымды ұсыныстардың жобасымен елімізде ауқымды жұмыстар қолға алынбақ. Мемлекет басшысы жиын соңында келесі Ұлттық құрылтай жер шоқтығы – Көкшетауда өтетінін мәлімдеді.

Ұласбек СӘДІБЕКОВ,
Мәжіліс депутаты:

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫ ДАМУҒА МӘН БЕРДІ

– Жыл сайынғы дәстүрге айналған пәтуалы басқосудың биылғы отырысы елді идеологиялық бағытта дамытуға арналды. Халқымыз «бірлік бар жерде тірлік бар» деп бекер айтпаған. Қазіргідей жаһандану кезінде бізге ең алдымен керегі – ішкі бірлік. Ынтымақты ұран, бірлікті ту етіп өмір сүру елімізді көптеген сынақтан алып шығары анық. Әрине, экономикалық өсіп-өркендеу керек-ақ. Осыны даму болмайды. Дегенмен бірлік болмаса, береке болмасы анық. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда осы мәселеге баса назар аударды.

«Қазақты бөліп-жаруға болмайды. Біз жалпұлттық деңгейде ойлауға ұмтылуымыз керек. Мысалы, әрбір қазақ ата-бабасын құрметтейді, рухына тағзым етеді. Сондықтан шежіре біздің мәдени кодымыздың ажырамас бөлігіне айналған. Бірақ біз тек қана осы түсінікпен шектеліп қалмауымыз қажет. Ең бастысы, бұл мәселені ешқашан саясатпен араластыруға болмайды» деген Мемлекет басшысының сөзі ел ішіндегі ұсақ-түйек көптеген мәселеге нүкте қойғандай. Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзімен айтсақ, ұлы Абайдың «Бірінді, қазақ, бірін дос көрмесек, істің бәрі бос» деген сөзі әлі де өзекті.

Құрылтайда көтерілген тағы бір мәселе – тіліміздің қолдану аясын кеңейту. Жалпы бүгінде

мемлекеттік тілге деген ел ішінде сұраныс көп. Қазақша сөйлейтін жастар да көбейді. Әсіресе ғылым мен техника тілін қазақшалап жатқандар бар. Бұл баршамамызды қуантады. Ешқандай мәжбүрліксіз-ақ, қазақ тілі қанатын кеңге жайып келеді. Құрылтайда Мемлекет басшысы «Қазақ тілі» қоғамының «Qazaq tili» эндаумент қорын құру туралы ұсынысын қолдағанын жеткізді. Бұл іске кәсіпкерлерді де қолдауға шақырды. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы дамыту үшін «Креативті индустрияны» қолға алу керектігі тағы да айтты. Жалпы Мемлекет басшысы бұл мәселені өз Жолдауында да сөз еткен болатын.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы түркі әлеміндегі сопылық ілімнің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи мұраларын терең зерделеп, дәріптеуге де айрықша назар аудару керектігін айтты. Бұл мәселе бойынша ең әуелі өз еліміздің және шетелдің ғалымдарын шақырып, арнайы симпозиум өткізу қажеттігін жеткізді.

«Ислам елдерінде әйгілі дін қайраткерлерінің бейіті міндетті түрде жапқышпен жабылады. Мәдинадағы Мұхаммед пайғамбардың қабірі де осылай бүркелген. Бұл – ислам өркениетінің дәстүрі. Ал қасметті Түркістандағы Ясауи қабірінде көптен бері арнайы жапқыш жоқ. Талай заманнан келе



жатқан көне жапқышты қалпына келтіру жұмысы біраз жыл бұрын басталып, аяқсыз қалған. Мен құзырлы мемлекеттік органға осы құнды мұраны тезірек сапалы жөндеуден өткізіп, тарихи орнына қайтаруды тапсырамын» деді Мемлекет басшысы.

Бұл көптің көкейінде жүрген мәселе болатын. Соңғы кезде Түркістандағы кесенеге қатысты ел ішінде көптеген әңгіме айтылып жатыр. Тарихи нысанның қабырғалары тұзданып, суланып жатқаны көпшілікті алаңдатады отыр. Қазір арнайы сала мамандары бұл бағытта жұмыс істеп жатыр. Ғалымдар неліктен қабырғалардың тұзданып жатқанын зерттеуде. Яғни мыңжылдық тарихы бар нысанда жаңғырту жұмыстары тоқтаусыз жүріп жатыр. Енді арнайы жапқышпен жауып, жанбыр мен қар суынан қорғайтын болсақ, кесене кірпіштері мен қабырғаларына деген қауіпті де сейілтер едік.

Жалпы құрылтайда Мемлекет басшысы халық арасында талқыланып жатқан көптеген сауал мен ұсыныс жайында өзіндік пікірін айтып, атқарылуы тиіс басым бағыттарды айқындап берді. Ендігі жерде бес саусақтай бірігіп, сол жоспар-жобалардың нәтижелі іске асуына бар күш-жігерімізді жұмсайық!

Дулат ӨТЕҒАЛИ,
ҚР Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты
саяси зерттеулер бөлімінің бас сарапшысы:

ЖАҢА БАСТАМАЛАР МЕН ИДЕЯЛАР АЛАҢЫ

– Азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы көпір қызметін жүзеге асыру, қоғамды ілгерілету бойынша практикалық маңызды бар ұсыныстар әзірлеу – Ұлттық құрылтайдың басты мақсаты. Осыған байланысты 2022 жылдан бастап атқарылған жұмысқа назар аудару маңызды. Мәселен, құрылтай отырыстары барысында қазіргі кездегі жасөспірімдер мен жастар арасындағы мәселелерге көңіл бөлінді және бірқатар арналған балалардың лудоманияға және компьютерлік ойындарға тәуелділігінің алдын алу бойынша әзірленген

жол картасын айтуға болады. Бұл жерде біз бір ауқымды бағыт бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып өттік. Басқа да бағыттар бойынша нәтижелі бастамаларды байқауға болады.

Өске-лен ұрпақ – ел болашағы екенін ескерсек, олардың интеллектуалды потенциалын арттыруға байланысты көтерілген тәуелі бойы жұмыс істейтін кітапханалар салу идеясын, Ұлттық кітап күнін атап өтуге болады. Демек, Ұлттық құрылтай – жан-жақты идеялар мен бастамаларды біріктіретін ауқымды алаң.



ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ КЕСЕЛДЕРМЕН КҮРЕСУГЕ
ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ, АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ,
ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР, БАРЛЫҒЫ БІР
КІСІДЕЙ ЖҰМЫЛУЫ КЕРЕК.

**МҰНЫ ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ЖӘНЕ БҮКІЛ
ҚОҒАМНЫҢ МІНДЕТІ ДЕП ТҮСІНУ ҚАЖЕТ. СЕБЕБІ
БҰЛ – ҰЛТТЫҢ БОЛАШАҒЫНА ТІКЕЛЕЙ ҚАТЫСЫ
БАР МӘСЕЛЕ.**



Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ

Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінен



ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІ АРАЛАДЫ

Елордадағы діни ахуалдың дамуын талдау және мониторингтеу, діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған материалдарын дайындау және ілгерілету – қоғамдағы өзекті мәселелер. Осыған орай, Астана қалалық мәслихатының депутаттары бірқатар діни бірлестікке барды.



Атап айтқанда, қала депутаттары Діндерді зерттеу орталығына барып, оның жұмысымен танысты. Күн сайын аталған орталықтың 20-дан астам қызметкері діни сауаттылықты арттыру бойынша орасан зор жұмыс жүргізеді, деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерді оңалтумен айналысады.

«Бірнеше жылдан бері Астанада iKomek109 қызметі жанындағы сенім телефоны сәтті жұмыс істеп келеді, онда тілек білдірушілер дінге қатысты ақпарат ала алады. Діни ахуалды және қалада жұмыс істейтін діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани білім беру ұйымдарының қызметін талдайды. Осы аптада заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысында аталған тақырыптарды талқылаймыз» деді Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.



АСТАНА КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қалада құрылған штаб барлық гуманитарлық көмек бойынша жұмыстарды үйлестіріп отыр, мұндай жүктерге бірінші кезекте қажет заттар, азық-түлік өнімдері, гигиена құралдары жатады. Достық үйінде қала ассамблеясы құрамындағы азаматтар жалпы сомасы 5 миллион теңгеден астам сомаға гуманитарлық көмекті тиісті облыстарға жөнелтті. Бұл жүктер 3 газельге тиелді, соған қоса 1,5 тонна ұн жіберілді.

Достық үйінде қайырымдылық істі үйлестіру мақсатында «Парасат» орталығы ашылып, жұмыс істейді. Орталық қаладағы әлеуметтік осал топтарға көмек көрсету бойынша ассамблея жұмысын реттейді. Осы орталық арқылы қайырымдылық қызмет шеңберінде былтыр жалпы

сомасы 63 млн 970 теңгеге 17 акция, ал биыл жалпы сомасы 8 млн 518 мың теңгеге 2 акция ұйымдастырылды.

– Табиғи су тасқынынан зардап шеккендерге қолдау көрсету мақсатында Астана қаласы Қазақстан халқы ассамблеясының этномәдени орталықтары атынан Қарағанды, Ақмола облыстары сияқты өңірлерге 10 мың тоннаға жуық гуманитарлық көмек көрсетудеміз. Оның ішінде киім-кешек, төсек-орын, ыдыс-аяқ, дәрі-дәрмек, азық-түлік сияқты бірінші кезекте қажетті заттар бар. Бұл көмекті көрсетуге ҚХА жастар қанатынан 30-ға жуық адам тартылды, гуманитарлық көмек көрсету туралы ойымызды 200-ге жуық жерлесіміз қолдады, – дейді «Достық» өзбек мәдени орталығы төрағасының орынбасары, Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі Хасан Шарипов.

Өңірлерге азық-түлік, киім-кешек жөнелтті

«Астана жастары» КММ еріктілері қайырымдылық ұйымдарымен бірлесіп, су тасқынынан зардап шеккен облыстардың тұрғындарына гуманитарлық көмек жинау акциясын бастады. Қала бойынша 9 гуманитарлық көмек қабылдау пункті ұйымдастырылды, оған 30-ға жуық еріктілер ұйымы қатысады. Күн сайын 200-ден астам ерікті қажетті заттарды сұрыптауға және жөнелтуге көмек көрсетеді. Сарыарқа, 13 көшесіндегі еріктілер пунктінде қала тұрғындары жиналып, дәрі-дәрмек, азық-түлік, киім-кешек, тұрмысқа керек-жарақты алып келуде.

Астана қалалық еріктілер штабы төрағасының орынбасары Эльвира Есмұханованың айтуынша, 29 наурыз бен 1 сәуір аралығында су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге 30 тоннаға жуық гуманитарлық көмек жіберілген.

– Қазақстанның үш облысында төтенше жағдай жарияланған сәттен бастап Астанада гуманитарлық көмек белсенді дайындалуда. Қазір қалада 9 қабылдау пункті жұмыс істейді. Біз басқа өңірлердің барлық пунктпен байланысқа шығамыз. Көмекке мұқтаж облыстар барлық өңірге жүгінеді және бізге хабарлайды. Таңертеңгі 9:00-ден

кешкі 20:00-ге дейін кесте бойынша көмек аламыз. Штабта шамамен 30-40 ерікті жұмыс істейді. Күн сайын біз үлкен жүк көліктерімен 4-5 тоннадан астам затты жөнелтеміз. Бұған дейін Ақтөбеде «Жақсылық жаса» қозғалысының еріктілері толтырған алғашқы көлік жөнелтілген болатын. Сондай-ақ Қостанай облысына 7 жүк көлігі кетті. Н.Тілендиев көшесі бойындағы жинау нүктесінде елорда тұрғындарының өздері жинау нүктелерін жариялайды. Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша алдын алу іс-шарасын өткізу үшін Целиноград ауданына құралдарды (күрек, қап,


құм) жіберу жоспарлануда, – деді Эльвира Есмұханова.

Жиналған сәлемдемелердің ішінде киім, азық-түлік, гигиена құралдары мен аяқ киім басты орын алады. Мысалы, қала тұрғындарының бірі тез бұзылмайтын өнімдер әкелді: печенье, тәттілер, жаялықтар. Әр тармақтың заттарды қабылдаудың өзіндік саясаты мен ережелері бар.

– Тұрғындар көбіне киім мен гигиена заттарын әкеледі. Осыған байланысты біз киімді мұқият сұрыптаймыз. Заттар бөлек қораптарға салынады. Кейде біз оларды қалалық әлеуметтік қоймаларға береміз, олар өз кезегінде заттарды халықтың әлеуметтік осал топтарына жібереді. Сондай-ақ бізде нан, жеміс сияқты тез бұзылатын тағамдардың ерекше критерийі бар. Себебі белгілі бір тәуекелдер бар жерде тасымалдау мәселесі туындайды. Мысалы, нан жүк көлігі белгіленген нүктеге жеткенге дейін нашарлауы мүмкін. Алайда осыған қарамастан, біз көмек алуға тырысамыз, егер азаматтар мұндай өнімдерді жөнелту алдында әкелсе, кез келген жолмен жеткіземіз. Әйтпесе біз мұқтаж жандарға таратамыз, – деді спикер.

Еріктілер қораптарды сұрыптау арқылы заттар мен қажетті өнімдерді қабылдайды. Заттарды жіберу кезекпен жүзеге асады. Гуманитарлық көмек жинауға зейнеткерлер, жастар, коммерциялық ұйымдар, кәсіпкерлер, көпбалалы аналар да қатысады.

«САРЫАРҚАДА» САЯБАҚТАР ЖАҢАРТЫЛУДА



Көктем келісімен қала аудандарындағы ойын алаңдарын жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Сарыарқа ауданындағы «Ақжайық» саябағының да ойын алаңы жөндеуден өткізілуде.

Аудан аумағындағы қоғамдық орындар жазғы кезеңге дайындау жұмыстары аясында ескі шағын сәулет нысандарын бөлшектеу және жаңасын орнату жұмыстары басталды. Осының аясында алғашқы жөндеу жүргізілетін нысанның бірі – «Ақжайық» саябағы. Жаңа шағын архитектуралық нысандар саябақтың сыртқы келбетін жаңартып қана қоймай, тұрғындар үшін жайлы жағдай жасайды. Барлық монтаждау жұмыстары биыл 14 сәуірге дейін жалғасады.

Қала тұрғындарының демалып, серуендеуіне қолайлы «Ақжайық» заманға сай абаттандырылған. 2018 жылы Батыс Қазақстан облысы елорданың мерейтойына тарту еткен саябақ Жеңіс және Бөгенбай көшелерінің қиылысында орналасқан. Саябақта субұрпақ пен 100 орындық амфитеатр бар. Сонымен қатар саябақ аумағында «Сиқырлы лабиринт» инсталляциясы, М.Мәметова ескерткіші, баскетбол ойнайтын және жүгіру алаңдары бар.

ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Кеше Астанадағы әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында білім беру ұйымдарының педагогтарына арналған «әл-Фараби ілімдерінің педагогикадағы рөлі» атты республикалық ғылыми-педагогикалық конференция өтті.

**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Астана қаласы Білім басқармасының қолдауымен, Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығы және әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы ұйымдастырып өткізген іс-шараға елордадағы ұстаздардан сырт, еліміздің түрлі облыстарындағы, сондай-ақ Алматы, Шымкент қалаларындағы барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының педагогтары қатысты.

– «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз

айтқандай, білім және тәрбие мәселесіне келгенде міндетті түрде ойшыл іліміне жүгінеміз. Саналы ұрпақ тәрбиелеу балаға берілетін тәрбиеден бастау алады. Өздеріңізге мәлім, елімізде ҚР Оқу-ағарту министрлігінің әзірлеуімен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды. Бұл бағдарлама ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Өйткені тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Бала тәрбиесіне мектеп қана жауапты емес, ол – қоғам боп бірлесіп назар аударатын маңызды мәселе. Баланың жақсы тәрбие алуы

отбасынан басталады. Отбасы тәрбиесі дұрыс болмаса, саналы білім алу да қиын. Осы мақсатта еліміздің 7832 білім беру ұйымында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылды, – деді іс-шараның ашылу салтанатында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы психология, тәрбие және тұлғаны дамыту орталығының директоры Анар Тәңірбергенова.

Әбу Насыр әл-Фарабидің бай мазмұнды шығармашылық және ғылыми мұрасына жұртшылықтың назарын аудару, жас ұрпақ санасына әл-Фараби



идеясын сіңірді мақсат еткен конференцияның пленарлық отырысында ҚР ҰҒА-ның құрметті академигі, «Еуразия тарихы мен мәдениетін зерттеу» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сағай Сыздықов, Қазақ ұлттық өнер университеті «эстрада өнері» кафедрасының аға оқытушысы, ҚР мәдениет саласының үздігі, ҚР мәдениет қайраткері Майра

Дәулетбақ, М.Нәрікбаев атындағы ҚазГЗУ-дің философия ғылымдарының кандидаты, ассистент-профессор Асыл Тулеубеков және т. б. мамандар әл-Фарабидің философиялық мұрасының әртүрлі аспектісіне арналған баяндама оқыды.

«Әдебиет секциясы», «Тәрбие секциясы», «Ғылым секциясы», «Өнер секциясы» өтіп, қатысушылар әл-Фарабидің дүниетанымының негізгі ерек-

шеліктерін, оның философия, лингвистика, психологияға арналған еңбектерінің түпкі идеяларын, сондай-ақ ұлы ойшылдың адамзат өркениетінің дамуына қосқан үлесін жан-жақты талқылады. Сондай-ақ конференция бағдарламасы аясында қатысушылар Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасында сирек кітаптар мен көне қолжазбалар қорымен танысты.

№40 (4628) 04/04/2024 Бейсенбі

Райхан
РАХМЕТОВАҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС
ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ

Спикер алдымен елордада интернет-байланыс сапасын арттыру бойынша жүріп жатқан жұмыстарға тоқталды. Басқарма ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникация комитетімен бірге байланыс сапасының төмендігі байқалған 67 нүктені анықтады. Бұл жерлерде байланыс мүлдем жоқ немесе талаптарға сай келмейді. Берік Ахметовтің айтуынша, аталған локациялар бойынша былтырдан бері жұмыстар жүргізіліп, 60 тұрғын үй кешеніндегі мәселелер шешілді. Қалған 7 тұрғын үй кешеніндегі байланыс сапасын жақсарту жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар Tele2 ұялы байланыс операторы арқылы 155 жерде 5G технологиясы енгізілді.

Қала әкімдігі ұялы байланыс операторларының базалық стансаларына арналған антенна-дигитал құрылымының құрылысына 24 жер телімін бөлді. 20 жерде тіреулер салынып, соның ішінде 10 жерде жабдықтар қойылды, қазір оны электр көзіне қосу жұмыстары жүргізілуде. Барлық жұмыс биыл жыл соңына дейін аяқталады. Дәл қазіргі сәтте жоғары жылдамдықты интернетке қосылуға 7 тұрғын алапта қолжетімділік бар, сонымен бірге 5 тұрғын алапта, яғни Өндіріс, Казгородок, Кирпичный, Мичурин және Куйгенжарда үйлерді сондай интернетке биыл II тоқсанда қосу жоспарлануда. Былтыр 6 мыңнан астам жеке үй интернетке қосылса, қиылы тағы 6 мың жер үйді қосу көзделуде. Интернеттің орташа жылдамдығы – 100 Мб/с. Одан бөлек, интернет-провайдермен бірге шыны-талшықты желі байланысын жүргізу үшін 2,68 млрд теңгеге инвестиция тартылды.

ҚАУІПСІЗ ҚАЛА
ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Қалада азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бейнекамера санын жылдан-жылға арттыруға көп көңіл бөлінуде. Мәселен, 2017-2020 жылдар аралығында қалада мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде барлығы 10 мың «Сергек» камерасы орнатылып, 3 мыңы бір торапқа бірікті. Барлық камера Полиция департаментінің жедел басқару орталығына қосылған. 2022 жылы қосымша 230 жалпы бейнебақылау камерасы, ал былтыр жасанды



aikyn.kz

ЦИФРЛАНҒАН АСТАНА

Елордадағы интернет-байланыс сапасы, 2024 жылға арналған IT-жобалар және «Сергек» жүйесінің жүзеге асу деңгейі қандай? Бұл туралы Астана қаласы Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы басшысының міндетін атқарушы Берік АХМЕТОВ айтып берді.

интеллектіні қолдана отырып тағы қосымша 1000 камера орнатылған.

Биыл 13 мамырда «Сергек» мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасының мерзімі бітеді. Бейнебақылау жүйесін одан әрі дамыту үшін алдағы 5 жылға тағы жаңа жоба әзірленуде.

– Адамдар көп шоғырланатын нысандарда қауіпсіздікті күшейту мақсатында қолданыстағы 2000 камераны жеке балабақшалар мен мектептер, колледждер және сауда-ойынсауық орталықтарына біріктіру көзделуде. Сонымен қатар қала көркін бұзбау үшін барлық скоростомердің коммутациялық шкафтарын жаңғыртып, жарық беру бағаналарына кішірейтілген нұсқаларын орнату жоспарланған, – дейді спикер.

«IKOMEK109»
ЖӘНЕ QALAQYZMET
НЕ ҰСЫНАДЫ?

iKomek109 бірыңғай байланыс орталығы – барлық коммуналдық кәсіпорынның call-орталықтарын біріктіреді және қала тұрғындарымен 24/7 режимінде байланыс орнатудың бірыңғай нүктесі. Орталықтың каталогында 2500 қызмет түрі бар, оның бәріне оператор бірінші қоңырауда-ақ жауап береді. Ашылған сәттен бастап iKomek109 орталығында тұрғындардан түскен 12 млн

қоңырауға жауап беріліп, сол бойынша жұмыс жүргізілген. iKomek өрескел оқиғаларды анықтау үшін қаладағы бейнебақылау жүйесін қолданады және Полиция департаментімен тығыз байланыста жұмыс істейді, соның арқасында былтыр 18 мыңнан астам құқық бұзушылық анықталып, 20

қылмыстық істің ашылуына қолдау көрсетілген.

Qalazyzmet қала қызметтері цифрлық орталығы – «бір терезе» қағидаты бойынша коммуналдық қызметтер және тұрғындар арасындағы өзара іс-қимылдың бірегей қалалық хабы. Орталық 153 түрлі қызметті портал, фронт-кеңселерде тікелей консультация беру

тік қызметтердің жалпы саны 164-ке жетті. Алдағы бірнеше жылда автоматтандырылған процестер санын жылына 150-ге көбейту көзделіп отыр.

Одан басқа, Smart Astana мобильді қосымшасында 70-тен астам сервис жұмыс істейді, оны жүктеп алған азаматтар саны 300 мыңнан асты. Қосымшаны айына белсенді қолданушылар саны – 8-10 мың адам. Былтыр қауіпсіздік, туризм, белсенділік және «Есірткіге жоқ де», көңіл көтеруге орындары, велосипедтер тіркеу және басқа да қалалық сервистер бағытында 10 жаңа сервис іске қосылды. Осы жылы әлеуметтік бағытта, автокөлік жүргізушілері, қалалық қызметтер, сонымен қатар қолданушыларды тартуға арналған сервистерді дамыту жоспарлануда.

Astana.kz бірыңғай қала порталы тұрғындар өмірінің сапасын арттыруға, тұрақты дамуға ықпал етіп, қала өміріндегі барлық тараптың өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді. Көпфункционалды және инновациялық тұрғынға бизнес өкілдері мен тұрғындар үшін қаладағы қызметтерді ұсынуда тиімділікті, қолжетімділікті арттыруды көздейді. Онлайн-өтінім беру, мобильді қосымша, ашық деректерді қолдану сынды заманауи технологияларды кіріктіру арқылы портал қала инфрақұрылымын басқарудағы мықты құралға айналмақ.

Денсаулық сақтау ситуация орталығы – нақты уақыт режимінде денсаулық сақтау жүйесінің жағдайы туралы ақпарат беретін, күрделі және қиын жағдайларды хабарлайтын бағдарлама кешені. Визуалды құралдардың үш деңгейлі ұйымы нақты бір мерзімдегі қаланың денсаулық сақтау жүйесі жұмысына мониторинг жүргізіп, қажетті талдау ақпаратын жіктеп көрсетуге ықпал етеді.

2023 жылы қаланың инновациялық экожүйесін дамытуға бағытталған 7 іс-шара өтті. Мақсат – отандық IT-бизнесіне қолдау және дамыту, сонымен қатар IT мамандар санын көбейту үшін жастардың қызығушылығын арттыру. Жыл сайын оқушылар мен студенттердің ғылым, технология, инженерия және математика ғылымына ынтықсын күшейту мақсатында STEM-олимпиадасы ұйымдастырылады. Бұл болашақта IT мамандарын қалыптастыруға ықпал етеді.

– Басқарма қаламыздың инновациялық экожүйесін құру және дамытуға белсенді атсалысады, Биыл елорданың AI жасауды интеллект орталығын, IT-кәсіпкерлікті дамыту, digital bridge, STEM-олимпиадасы секілді форумдар мен түрлі іс-шараны өткізу көзделуде, – дейді Б.Ахметов.

IT-ЖОБАЛАР ЖӘНЕ
БИЫЛҒА ЖОСПАР

Биыл қалада коммуналдық қызметтерді, денсаулық сақтау саласындағы ситуация орталықтарын цифрландыру, жергілікті мазмұн үлесі бойынша сервис жасау, ақпарат жүйелері мен astana.kz сандық порталын техникалық тексеру, шақырту комиссиясын цифрландыру жоспарланып отыр. Бұл жобалардың арқайсысы қала тұрғындары үшін тиімді әрі қолайлы қызметтер көрсетуге бағытталған.

– 2024 жылы екі кәсіпорын – Elorda Eco System және «Астана-РЭК» мекемелерін цифрландыруды көздеп отырмыз. Бұл кәсіпорындарға цифрлық шешімдерді енгізу өндірілген өнімдердің өзіндік құнын төмендетуге, материалдық қор көлемін 24 пайыз азайтуға, қызметтер көлемін орындауды 36 пайыз арттыруға, өндірістегі өңбек өнімін 33 пайызға өсіруге, операциялық және әкімшілік шығындарды 17 пайыз кемітіп, табысты 14 пайыз ұлғайтуға септік етеді, – деді ол.

Спикер тарапынан әскери-дәрігерлік комиссияға арналған ақпарат жүйесінің жұмысы да таныстырылды. Шұғыл әскери қызметке шақырылатын азаматтарға медициналық куәлік беру процесін оңтайландыру және автоматтандыру ұсынылды. Бұл ақпарат жүйесін енгізу әскерге шақырылғандарды медициналық тексеруден өткізу уақытын қысқартып, қағазсыз айналымды күшейтуге, олардың қағаздарын сақтауға арналған шығындарды азайтуға септік етеді.

Сонымен қатар спикер Астана қаласы әкімдігінің ақпарат жүйелеріне техникалық тексеру жүргізу жайында тоқталды. «Техникалық тексеру жүргізу» жобасы аясында ақпарат инфрақұрылымы ресурстарын қолдану тиімділігі артады. Ақпарат технологиялары заң мен халықаралық стандарттар талабына сәйкестендіріледі, қауіпсіздігі артады. Нәтижесінде осындай ақпарат технологияларын басқару процесі оңтайланады.



Елордада 2022 жылы қосымша **230** жалпы бейнебақылау камерасы, ал былтыр жасанды интеллектіні қолдана отырып тағы қосымша **1000** камера орнатылған.



iKomek109 орталығы каталогында **2500** қызмет түрі бар, ашылған сәттен бастап iKomek 109 орталығында тұрғындардан түскен **12 млн** қоңырауға жауап берілген.



Qalazyzmet «бір терезе» қағидаты бойынша **153 түрлі** қызметті портал, фронт-кеңселерде тікелей консультация беру және sms-сауалнама жүргізу арқылы көрсетеді. Жұмыс басталғалы мұнда халыққа **650 мың** қызмет көрсетілген.



Smart Astana мобильді қосымшасында **70-тен** астам сервис жұмыс істейді, оны жүктеп алған азаматтар саны 300 мыңнан асты. Қосымшаны айына белсенді қолданушылар саны – **8-10 мың** адам.

және sms-сауалнама жүргізу арқылы көрсетеді. Жұмыс басталғалы мұнда халыққа 650 мың қызмет көрсетілген.

ЦИФРЛЫҚ СЕРВИСТЕР
САПАЛЫ МА?

Астана қаласы әкімдігі құрылымдық бөлімшелерінің процестерін автоматтандыру бойынша жүргізілетін жұмыстар аясында 2023 жылы қала әкімдігінің 911 қызметі анықталды. Жыл бойына білім беру, инвестиция, туризм, спорт, жер қатынастары және әлеуметтік қорғау саласында 100 процесс автоматтандырылды. Бұл цифрландырылған қызметтер санын 20 пайызға арттырды. Қала әкімдігіндегі цифрландырылған мемлекет-

АҚПАРАТ ҚАУІПСІЗДІГІ
ҚАЛАЙ САҚТАЛАДЫ?

Қаладағы ақпарат қауіпсіздігі жедел орталығында киберқауіпсіздік мәселелері мен қолданыстағы қызметтердің осал тұстарына төнер қатерді алдын ала анықтау жұмыстары жүргізіледі. Ақпарат-коммуникация инфрақұрылымы нысандары, яғни 10 стратегиялық нысан осы орталыққа қосылған. Былтыр орталық қызметі арқылы 3 млн-ға жуық инцидент анықталды. Орталық 160 мыңнан астам DoS-шабуылдың алдын алды. Тоқсан сайын осал тұстарды қорғау мәселесіне талдау жасалады. Ал оқиғалар бойынша мониторинг тәулік бойы жүреді.



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚАЙ ДЕНГЕЙДЕ?

Ведомство басшысы елорда департаментінің өткен жылдағы жұмысының қорытындыларына тоқталып, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысты туындаған мәселелер мен ұсыныстарды тыңдады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша қылмыстар санының азаюға өскені байқалып отырғанын, бірақ қабылданған шаралардың арқасында ұрлау, тонау, көлікті айдап әкету, бұзақылық фактілерінің азайғанын, көшелерде, отбасылық-тұрмыстық салада қылмыстар саны төмендегенін, кісі өлтіру, зорлау, тонау, көлікті айдап әкету, вандализм, қалта ұрлығы сынды қылмыстардың бәрі ашылғанын атап өтті.

Оның айтуынша, көшелерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын күшейтудің арқасында қылмыстар азайған. Оған бейнебақылау жүйелерін жетілдіру шаралары да оң ықпал еткен. Бейнебақылау камераларының көмегімен 3 мыңнан астам қылмыс ашылып, 28 мыңға жуық бұзушылық анықталған.

Департамент бастығы басты бағыттардың бірі есірткі бизнесімен барынша күрес екенін атап өтті. Соңғы екі жылда елордада жасырын түрде синтетикалық есірткіні дайындаумен айналысатын 7 есірткі зертханасының қызметі тоқтатылды, 200-ге жуық жарнама жасау алаңдары жойылды. Заңсыз айналымнан 350 келі болатын түрлі есірткі заттары, соның ішінде 50-ден астам синтетикалық есірткі тәркіленді.

Марат Төлебаев интернет-алаяқтық мәселесі өте өзекті проблема болып отырғанын, алданып қалудың негізгі себептерінің бірі тұрғындардың цифрлық сауаттылығының төмендігі екенін атап өтті. Оның сөзінше, қабылданған шаралардың арқасында өткен жылы 233 адам және 4 топ ұсталып, құқыққа қайшы әрекет жасаған 210 интернет-ресурс бұғаттау-

Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы, генерал-майор Марат Төлебаев халыққа есеп беру кездесуін өткізді. Жиынға Астана қаласы мәслихатының депутаттары мен қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшелері, қала аудандарының басшылары, дін өкілдері қатысты.



ға жолданған, ал оның 85-і бұғатталған.

Марат Төлебаев оқу мекемелеріндегі балалар қауіпсіздігі мәселесіне ерекше көңіл бөлінетінін, мемлекеттік мекемелердің, балабақшалардың және колледждердің бейнекамералары мен дабыл батырмалары 100% жедел басқару орталығына қосылғанын атап өтті. Өткен жылдың шілде айынан бері тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктің күшейтілгенін жеткізді.

Қазір тұрмыстық құқық-бұзушылықтарды тіркеу формасы сәл өзгеріп, нақты түскен арыздарды ғана емес, жасалған қылмыстарды анықтауға ден қойылды. Мәселен, бүгінде жанжал шығарушыны жәбірленушінің арызынсыз жауапкершілікке тартуға болады, тараптардың қайта татуласуын



Қабылданған шаралардың арқасында өткен жылы 233 адам және 4 топ ұсталып, құқыққа қайшы әрекет жасаған 210 интернет-ресурс бұғаттауға жолданған, ал оның 85-і бұғатталған

болдырмайтын тетік те қосылды. Астаналық полицейлер ұсақ құқық бұзушылықтардың алдын алу және «мүлдем төзбеу» атмосферасын қалыптастыру бойынша жұмыстарды да назардан тыс қалдырмайды.

Астаналық полицейлер бір жыл ішінде бір миллионнан астам әкімшілік құқық бұзушылықты, тыныштықты бұзудың 18 мыңнан астам фактісін анықтаған.

Ведомствоның басшысы жол жүру жағдайына жеке тоқталып өтті. Осы жылдың ақпан айынан бері қала жолдарында «Erkin Patrol» мобильдік аппараттық-программалық кешенімен жабдықталған экипаж патруль жасайды. Бұл кешені автокөліктің жылдамдық режимін бұзу

фактілерін тіркеп, 360 градуусты панорамалық бақылау арқылы іздеуде жүрген көлік құралын анықтайды. Бүгінгі күні оның көмегімен жол қозғалысы ережелері бұзылғанының 3501 фактісі анықталған. Осы жылдың басынан бері жүргізушілер полицияны және сақтандыру компаниясын шақырмастан жол-көлік оқиғасын «Еуро-хаттама» бойынша онлайн тіркей алады. Алайда қабылданып жатқан шараларға қарамастан жол-көлік оқиғалары 19,8%-ға, жарақат алғандар 20,9%-ға, қайтыс болғандар 25%-ға өскен.

Департамент бастығы сөзін аяқтай келе, азаматтар қойған барлық сұрақтарға жауап беріп, ұсыныстарын тыңдады. Әлеуметтік желілердегі ресми парақшаға келіп түскен сауалдарға да жауап берді. Шеткі аймақ тұрғындары жол қауіпсіздігі, бейнебақылау камералары мен қосымша бағдарламдарды орнату, тыныштықты бұзу,



Осы жылдың басынан бері жүргізушілер полицияны және сақтандыру компаниясын шақырмастан жол-көлік оқиғасын «Еуро-хаттама» бойынша онлайн тіркей алады. Алайда қабылданып жатқан шараларға қарамастан жол-көлік оқиғалары 19,8%-ға, жарақат алғандар 20,9%-ға, қайтыс болғандар 25%-ға өскен

учаскелік полиция инспекторларының жетіспеушілігі мәселесіне қатысты сұрақтар қойды. Учаскелік полиция инспекторларының жұмысына қатысты алғыстарын айтаң тұрғындар да аз болмады.



ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР ЖАНЫНДА АҚЫЛЫ ТҰРАҚ БОЛА МА?

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысында коммуналдық ақылы паркингтерді пайдалану ережелері, қалалық көлікте жол жүру тарифтері және жануарларды ұстау ережелері талқыланды.



Қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы Асхат Қарағойшин «Астанада Көлік құралдарын тұраққа қою үшін ақы алуға және тұраққа қою уақытын есепке алуға арналған арнайы сертификатталған құрылғылармен жабдықталған орындарды айқындау туралы» Астана әкімдігі қаулысының жобасын ұсынды.

Кеңес мүшелері әртүрлі ұсыныстар айтып, бұл құжатты мақұлдады. Атап айтқанда, тұрақ орындары немесе кіріктірілген паркингтері жоқ көпқабатты



Әлеуметтік нысандардың (ХҚКО, емхана, аурухана және басқалар) жанында ақылы тұрақ қағидаты бойынша ақылы тұрақ ақысы 61 минуттан асатын алғашқы 60 минутта ақылы тұрақ енгізуді қарастыру, балаларды көлікке отырғызу және түсіру кезінде екі қатардағы тұрақ мәселелерін шешу және білім беру нысандары жанында апатты жағдайды азайту үшін оқушылардың ауысым кестесіне сәйкес тұрақтардың 120 минутқа дейінгі тегін қызметін қамтамасыз ету ұсынылды

ғимараттардың жанында ақылы тұрақ орындарын енгізбеу, көлік жүретін жолдарға паркомат орнатпау, жалпыға ортақ кептелісі аз, ірі бизнес нысандары мен әкімшілік көпқабатты ғимараттар жоқ көшелерді бос қалдыру ұсынылды.

Сондай-ақ зейнеткерлерге арналған тұрақ орындарының қызметтері үшін ақы төлеу тарифтерін төмендету мәселесін қарастыру ұсынылды. Бұл жобаның жаңашылығына оң әсер ететіні айтылды. Жол қозғалысы ережелерін бұзудың басқа түрлеріне айыппұл салу туралы мәселені зерделеу (тыйым салу белгісімен тұрақ, көгал немесе таблоидтық бөлікте тұрақ және басқалар) әңгіме болды.

Әлеуметтік нысандардың (ХҚКО, емхана, аурухана және басқалар) жанында ақылы тұрақ қағидаты бойынша ақылы тұрақ ақысы 61 минуттан асатын алғашқы 60 минутта ақылы тұрақ енгізуді қарастыру, балаларды көлікке отырғызу және түсіру кезінде екі қатардағы тұрақ мәселелерін шешу және білім беру нысандары жанында апатты жағдайды азайту үшін оқушылардың ауысым кестесіне сәйкес тұрақтардың 120 минутқа дейінгі тегін қызметін қамтамасыз ету ұсынылды. Мәселен, мектептер мен балабақшалар жанында сағат 7.30-дан 9.00-ге дейін, 12.00-ден 14.00-ге дейін және 17.00-ден 19.00-ге дейін тұрақтар тегін жұмыс істесе деген ұсыныс айтылды.

Жиында «Астана аумағында коммуналдық ақылы автотұрақтарды (паркингтерді) пайдалану ережелері туралы» екі жоба және Астана қаласы бойынша қалалық және қала маңындағы қатынастарда жолаушылар мен багажды автокөлікпен тұрақты тасымалдауға арналған тарифтерге қатысты қаулы жобасы пысықтауға қайтарылды.

Елорданың Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алтынбек Ахметов «Астана қаласының сәулет келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау қағидалары» қаулысының жобасын талқылауға шығарды. Бұл құжатты талқылау барысында табиғи апаттар немесе техногендік апаттар болсын, түрлі төтенше жағдайларға төзімді қауіпсіз кеңістік құру қажеттігі атап өтілді. Бұған қоса, нақты мына ұсыныстар айтылды: Астана қаласының Бас жоспарында қала құрылысын ерекше реттеу аймақтарының нақты шекараларын бейнелеу; Нақты өлшем бірліктерімен «функционалды аймақтарды ықшам орналастыру» ұғымына толық анықтама беру; Дауларды шешу кезінде екі жақтың да мүдделеріне нұқсан келтірмей, қала тұрғындарының пікірінің объективтілігін анықтау; тығыздықты есептеу үшін ең төменгі орташа тұрғын үймен қамтамасыз етудің мөлшерін 18 шаршы метрге дейін ұлғайтпау және оны 15 шаршы метр деңгейінде қалдыру. Жалпы бұл

жоба да қайта қарауға жіберілді.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Ерлан Бердалиев «Астана қаласының аумағында жануарларды ұстау ережелері туралы» қаулысының жобасын таныстырды. Бұл жобаға қатысты сұрақтар туындамай, құжат мақұлданды. Өйткені «Ветеринария туралы», «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Қазақстанның қолданыстағы заңдарына сәйкес әзірленді.

Елорданың Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжанов «Астана қаласында кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға жұмсалатын шығыстардың ең аз мөлшерін бекіту туралы» қаулы жобасын талқылауға шығарды.

Қоғамдық кеңес кондоминиум объектісін басқаруға және Астанадағы кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға жұмсалатын шығыстардың ең аз мөлшерін бір шаршы метр үшін 57 теңге сомасында бекітуге ұсынуға шешім қабылдады. Бірақ тариф күрделі жұмыс түрлері мен материалдарды сатып алу үшін жеткіліксіз болатынын ескеру қажеттілігі айтылды. Кеңес мүшелері бұл мәселеде халыққа түсіндіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

Жалпы Қоғамдық кеңес отырысында қаланың әлеуметтік және мәдени өмірі үшін маңызды мәселелердің кең ауқымы қамтылды. Мақұлданған шешімдер азаматтардың әл-ауқатын арттыруға және қалалық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған.

Құралай МҰРАТОВА

№40 (4628) 04/04/2024 Бейсенбі

Бүгінгі таңда балалар арасындағы заң бұзушылық қоғамдағы өзекті мәселеге айналып отыр. Ішкі істер министрлігінің мәліметі бойынша, қылмыс жасайтын жасөспірімдер саны да артқан. Астана қаласы бойынша, жыл басынан бері балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылыққа байланысты 50-ден астам ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Кәмелетке толмағандар, негізінен, ұсақ ұрлық-қарлық және бұзақылық жасайтыны анықталып отыр. Көп жағдайда балалардың ойын-сауық орындарында түнгі мезгілде ата-анасыз жүретіндері кездеседі. Мектеп оқушылары мен колледж студенттері арасында электронды темекі, насыбай пайдалану секілді теріс әдеттер де тыйылмай отыр.

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ**БАЛА БИЗАҚОР
БОЛМАСЫН...**

Балалар өз іс-әрекетіне жауап бермейді. (әңгіме жақында әлеуметтік желіде тараған 5-6 жастағы бұлдіршіндердің жабылып бір баланы ұрып жатқан қатыгездік жайында). Дегенмен әлі ауыздарынан ана сүті кеуіп үлгермеген балақайлардың ештеңеден қаймықпай өзі қатарлас құрбысын төмпештеп ұрып, басынан тебуі бойынды тітіркендіреді. Бұл жерде бар мәселе олардың ата-аналарына барып тірелетіні сөзсіз. Олар кімді тәрбиелеп өсіргенін кейін білетін болады. Алайда ол кезде бармақ тістейтіндей өте кеш болады.

Қатыгездік қайдан шығады? «Балам жасық болмасын» деп кей адамдар сөбілеріне «Біреу сені ренжітсе, аяма, қақ маңдайдан ұр» деп үйретеді.

Аулада ойнап жүрген баланың мұрнын бұзса, немесе өзінен кішілерге әлімжеттік жасаса, «бала емес пе оған мән бермеу керек, өздері татуласады» деп бұзақы баласына шаң жуытпаған көрші әйелді білеміз. Сол келіншек бірде баласы құлап қалған ауладағы өткеншекті оның көзіне балғамен ұрып сындырады. Оны баласы көріп тұрады. Қара темірден баласының кегін алып жатқан анасын көрген сол сәби де өте кекшіл болып есері сөзсіз ғой.

Психолог Бибігүл Сағынтайдың айтуынша, расында да кейінгі кезде балалардың үлкендерден гөрі өз қатарластарынан көріп жүрген зорлық-зомбылығы мен қатыгездігі тым көбейіп барады екен. «Бас жарылса, бөрік ішінде...» дегендей, қала мектептеріндегі көптеген оқыс оқиғалар мен тәртіп бұзушылықтар айтыла бермейтінін біз жақсы білеміз. Өз абырой-беделіне нұқсан келмес үшін басшылық оларды көбіне жабулы қазанды көбейіп күйінде қалдырып, жасырады. Дегенмен, елордадағы өткен жылғы болған мектеп оқушыларына қатысты қылмыстарды қанша бүркемелегенмен, бұқараға аян болып қалды. Қазір буллинг деген пәле шықты. Жасөспірімдер бір-бірін көпе-көрінеу өлімге итермелейді. Көбі – 14 жасқа дейінгі көкөрімдер. 14 пен 18 жас аралығындағылар да бар. Олар «отқа май құюшылар» болып отыр.

Ал осындай қылмысқа барғандардың барлығы да шартты түрде жазаланып, құтылып кетті. Ата-аналары айыпшұл төледі. Бірақ балалар оны шыбын шаққан құрлы көрмейтін сияқты. Жоғарыда айтылған жасөспірімдерге қатысты заңның тым осал, рақымшылығы мол, ізгіліктілігі осыдан көрінеді.

ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚАТЫГЕЗДІГІ НЕГЕ ӨРШІП ТҰР?

Ал шынтуайтында, кәмелетке жасы толмағандарға жасалған кез келген зорлық-зомбылық пен қылмыстық әрекет өте қатан жазалануы қажет» дейді психолог.

**ЖӘБІР КӨРСЕТУДІҢ
ТҮРІ КӨП**

«Жасөспірімдер қатыгездігі қайдан шығады?» деген сауалға көп адамдар түрлі ережесіз жекпе-жекпен немесе бірін-бірін аяусыз ұрып-соғатын сәтті насихаттайтын фильмдердің әсері екенін айтады. Біреудің екінші

шықты. Сол ақшаны жинап, мектептегі «атаманға» өткізіп отыратын әр сыныпта бір-бір «делдал» болатын көрінеді.

Егер осы ақша уақытында берілмесе, ол баланы оңаша шақырып, соққының астына алатыны да белгілі болды. Алайда көбі кейін қатарластарынан болатын «теріс айналулардан» қорқып, жабулы қазанды жабулы қалғанды қалайды екен. Міне, осындай әлімжеттік мектептерде әлі тыйылмай келеді. Бір сұмдығы, енді балабақшадан да көрініс бере бастады.

Өткен жылы бала құқықтары туралы заң баланы жәбірлеу (буллинг) туралы жаңа терминімен толыққанымен, он төрт жасқа толмағандарға қылмыстық жаза қарастырылмаған. Түсінікті болу үшін заң бабын толық келтірейік. Онда: «баланы жәбірлеу (буллинг) – қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер, сол сияқты жария түрде немесе бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) телекоммуникация желілері және (немесе) онлайн-платформалар пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер (кибербуллинг) заңмен қудаланады» делінген. Бұл аз десеңіз, моббинг, троллинг, хейтинг, флейминг, секстинг, тағы да басқа терминдер қосылыпты. Мұның барлығы да баланың ар-намысына тиіп, қорлау болып табылады. Ал ол қылмыс ретінде жазалануы керек. Алайда қылмыстық жазалау тек 16 жастан бастап қолданылады. Сонда 16 жасқа дейін нақты жазаланбаса, жасөспірім жеткіншек құрбыларына әлімжеттік жасауын қоймай жүре бере ме?

ЗАҢ ҚАТАЙСА ДЕЙДІ...

– Біз кейінгі кезде буллинг туралы жиі айтатын болдық та, жасөспірімдердің қатарластарына қарсы жасайтын тонау, бопсалау, зорлау, тағы басқа да құқық бұзушылықтарын бүркемелеп, жасыратын да фактілердің орын алып келе жатқанын айтпасақ

болмайды, – дейді психолог-заңгер Жансая Мұратова. Мәселен, 7-сыныптың оқушысын құрбылары жабылып, кеште мектепте зорлағаны тек үш жылдан кейін ғана белгілі болған. Онда да сол жүгірмектер мектептен кетіп, колледжге түсіп, оқып жүргенде бірге оқитын қызды зорлап, істі болғанда ғана екінші қылмыстың беті ашылған. Жасөспірімдерді қылмыс үшін уақытында қатан жазаламаудың бұдан да басқа қоғам үшін өте қауіпті үрдісі қалыптасып отыр.

Осыны пайдаланған қылмыскерлер қазір қатарларына 12-14 жасар жеткіншектерді көптеп тарта бастады. «Ұрла, бопсала, ұрып-соқ, тіпті кісі өлтір, саған ештеңе болмайды. Сен әлі кәмелет жасына толған жоқсың» деп олардың санасын улаудың соңы үлкен қасіреттерге соқтырып жүр. Осыдан келіп олар зорлық-зомбылықты шегінен асырып жасайды. Ер балалар мен қыз балалардың нашарлық, токсикомания және алкогольге берілуі өршіп барады. Олардың арасында мастықпен жасалатын қылмыстар айтарлықтай өсті. Әсіресе, қыз балалардың қылмыс жасауы алаңдатып отыр. Олар қылмысты топтасып жасайды. Бұзақылық үшін сотталғандар ішінде аса қатыгездігімен ерекшеленгендері бар. Мұны кейбіреулер әлеуметтік жағдайлардың нашарлауы және қоғамның қысымы деген сияқты пікір қалыптастыруға тырысып бағады. Біздіңше, бұл отбасы мен мектептегі тәрбиенің кемістігінен, жасөспірімдерге қатысты заңның осалдығынан десек, ақиқаттан алшақ кетпейміз» деді.

Қазақстан заңы бойынша 14 жасқа толмағандар қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Тек олардың ата-аналары ғана белгілі бір дәрежеде жаза тартуы мүмкін. Алайда қазір олар қатарластарына жасап жүрген кейбір жантүршігерлік қатыгездікті көргенде он төрт жасқа толмағандарға жекелеген ұйғарым шығару керектігін заңгерлер алға тартып отыр. Ал оның қаншалықты жүзеге асуы қоғам талқысы мен құзыретті органдар еншісіне қалуда.

ӘЙЕЛ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ ӨТЕУІ АУЫР

Әйел – қоғамның ең құрметті де белді мүшесі. Олар қашанда абырой мен беделге бөленуге лайық. Дегенмен кей жағдайда осы нәзік жандардың өздері қылмысқа баратыны өкінішті-ақ. Әрине, «адам аласы ішінде» дегендей, өмір болған соң әртүрлі мінез иелерінің кездесетінін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ нәзік болмыс иелерінің сот залынан көрініп жататыны көңілге қаяу түсіреді. Кейінгі кезде әйелдер алаяқтық, пара алу, сеніп тапсырылған мүлікті иеленіп кету, экономикалық контрабанда, жезөкшелікпен айналысатын притондар ұйымдастыру сияқты қылмыстармен істі болып жүр.

Осының ішінде алаяқтық қылмысы үшін елімізде қылмыстық жауапкершілік бекітілген. Қылмыстық кодекстің 190-бабына сай алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену арқылы жасалған қылмыс үшін мүлкін тәркілеумен, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 10 жылға дейінгі мерзімге айыру отырып немесе онсыз, 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы мүмкін. Өкінішке қарай, құқық қорғау органдары халыққа алаяқтық қылмысы туралы қанша түсіндіру жұмысын жүргізіп, ескерту жасағанмен, кейде жәбірленушілер оған нақты мән бермейтін сияқты. Бұған дәлел, әлі де «оңай жолмен баспана алып беремін, жұмысқа орналастырамын, грант алып беремін» деп талайды тақырға отырғызып, қолда барын қармаққа іліп жүрген алаяқтарға қатысты соттарда қаралатын қылмыстық істер саны азаймай тұр. Тіпті онлайн сауда жасау кезінде де онық жейтіндер аз емес.

Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің жүргізген мәліметтеріне сүйенсек, жыл сайын алаяқтық қылмысының 5 мыңнан аса дерегі тіркеледі. Тек жыл басынан бері елорда сотында 76 адамға қатысты 73 іс қозғалған. Соның 48-ін әйел-



дер жасаған. Қылмысқа барған әйелдердің көбінің соңында кәмелеттік жасқа толмаған балалары болады. Сондықтан ауыр, аса ауыр қылмыс жасаған әйелдердің ісін соттар қараған кезде әйелдердің қылмыс жасап, заң бұзушылыққа бару себебін тиісті деңгейде зерттеп, шынайы баға беріп, қылмыс астарына терең үңіледі. Істің мән-жайын толық, жан-жақты зерделеп барып шешім қабылдайды.

Десек те, әйелдер қылмысынан әркез жеңілдетін мән-жайлар іздеуге болмайды. Олардың адам өлтіру туралы аса ауыр қылмыс жасауы, талай адамды арбауына түсірген алаяқтық қылмыстарын қайталап жасауы оларға қатан жаза тағайындауға, қылмыстық заңның қуатына жүгінуге алып келеді. Қылмысты ешнәрсе ақтай алмайды. Өткен жылы Астана қалалық сотында бұрын алаяқтық қылмыс жасағаны үшін шартты жазамен шектелген А. есімді әйел бір қылмысты бірнеше рет қайталап жасаған. Соңғы рет топ болып қылмыс жасап, 20 адамды сан соқтырып, әрқайсысынан миллиондаған ақша алған. Тіпті танымал адамдардың атын пайдаланып та талайдың қалдырып қалған. Әйел мен оның екі сыбайласына бұл жолы сот тарапынан жеңілдік болмай, олар бас бостандығынан айыруға жазаланды.

Заң талабына сай жаза тағайындалғанда, соттар алдымен бас бостандығынан айырмауға қатысты жаза тағайындау мәселесін талқылауға міндетті. Ондай мүмкіндік болмаған жағдайда ғана бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. Тәжірибеде әйел адамдардың жүкті немесе кәмелеттік жасқа толмаған балалары болған жағдайда, ҚР ҚК-нің 74-бабын қолданып тағайындалған жазаны кейінге қалдыру туралы шешімдер қабылданады. Заң сотты болып отырған әйел адамның ғана емес, олардың отбасының, балаларының да хал-жағдайын, жазаның олардың болашағына келтіретін әсері мен залалын да назардан тыс қалдырмайды.

Ержан СҮЙЕУБАЕВ,
Астана қалалық сотының судьясы

– XIX ғасыр – физика, жаратылыстану ғылымдарының, XX ғасыр – техника мен технология ғасыры десе жаңа ғасырды психология ғасыры деп атаудың мәні бар. Психиатрлардың айтуы бойынша, соңғы 15-20 жылдың ішінде адамдардың бойындағы психикалық ауытқушылықтар он есеге көбейіп кеткен. Аутизм, гипершапшаң немесе баяу дамыған, бойында кемшілігі бар сәбилер дүниеге көптеп келіп жатыр. Халықтың ерекше тобымен тығыз жұмыс істеген соң, көріп-біліп жүрдім, осыдан он жылдай бұрын «неге бұл туралы қоғамда мәселе көтерілмейді?» деп ойлайтынмын. Әлі де айтылып жатқаны аз. Сондағы балалар қазір өсіп жетілді. Осыдан үш-төрт жыл бұрын беделді бір жынды алматылық психиатрлар психикалық ауытқушылық белгілері бар студент жастар саны он есеге көбейді деп жариялады.

Бірақ мұның себебін анықтап, мониторинг жүргізіп, зерттеп жатқандарды көрмедім. Меніңше, оның бірнеше себебі болуы мүмкін. Оның бастысы «стресс» күйзеліс ошақтары көбейді дейміз. Оның қатерлісі – көбіміз елемейтін ақпараттық стресс. Қазір бәрі телефонға таңулы. Адам өзін ақпарат додасына тастап, үнемі ақпарат кеңістігінің ортасында өзіне қатысты болсын, болмасын әрекеттесіп, жауап беруге, эмоциясын білдіруге мәжбүр. Миға да, жүрекке де ауыр салмақ. Кез келген стресс сияқты, мұндай жағдай жүйкені бұзады, аз қозғалып, эмоцияны тамақпен басып жұбатамыз. Адам ағзасы физикалық, психикалық жағынан да өзгеріске түседі.

Қалың депрессиядан жылдап шыға алмайтындар көбейді. Кезінде мынадай мәлімет оқып едім. Токсаныншы жылдары елімізде жаппай жоқшылық, қайта құрулар, инфляция сияқты адам түсінбейтін жайттар болып жатқанда дамыған еуропалық елдердің ер-азаматтарының 40 пайызы депрессияда екен. Бейтаныс терминді енді айта бастаған біздің кеңестік кеңістікке бұл кесел 25 жылдан кейін ғана келеді деген болжамдар болған. Сол кездері, расында да, депрессия байқалмады. Қазір бәрі бар, дүкеннің сөрелері толық, жаппай жұмыссыздық жайлады дей алмаймыз, бірақ депрессия екінің бірінде болмаса да жеткілікті.

– Мұндай қажеттілікке байланысты психологтар армиясы да пайда болған шығар?

– Менің осы салада отыз жылдық тәжірибем бар. Бұрын психологтар аз болды, халық оларды аса қажетсінебді. Қазір психологтарды іздейді, оларға көбірек сенеді. Жақсы психологтардың жұмыссыз отырғаны жоқ. Саны жетерліктей, бірақ

СЫНАҚТАН СҮРІНБЕГЕНДЕР КҮШЕЙЕ ТҮСЕДІ

Астана қаласының практикалық психологтар қауымдастығының президенті, Қазақстан Республикасы Спорт психологтары қауымдастығының вице-президенті, іскерлік әкімшілендіру докторы, Айқын ДҮЙСЕМБАЕВ «XXI ғасыр – психология ғасыры» деген ұғыммен толықтай келісіп, бұл ғасырда адамның психологиялық жарасымы деңгейі техникалық прогресс жетістіктерінің көрсеткішімен бағаланбайтынын айтты.



сапасы төменірек. Оларды еліміздегі жоғары оқу орындары дайындайды. Бірінде таза психологтарды оқытса, көбінде педагог-психолог мамандарын дайындап жатыр. Жартылай – педагог, жартылай – психолог. Не психолог емес, не педагог емес. Мектепке керек десек те педагог пен психологтың айырмашылығы жер мен көктей. Педагог адамға баға береді, олай етпе, былай жасама деп «мораль» айтады. Ал нағыз психолог «адвокат» секілді. Адамды әрекеті үшін айыптамайды. Кейбір адамдарда тұлғалық екіұдайлық болады. Үнемі өзімен арпалысып жүреді. Айналасында болып жатқан нәрселерге өзін кінәлі сезінеді. Мұндайда ол адамды өзінен қорғау керек. Оның жанын түсініп, оңалтушы. Екі бөлек кәсіпке қатар бауылған маманның өзі екі ойлы болуы мүмкін. Әрине, барлық жақсы мамандарды бір орталықтарға жинап, бір жерде үлкен ұлттық мектеп құрып даярласа жақсы болар еді. Көптеп ашылған оқу орындарында толыққанды білім беретін кадрлар тапшылығы бар.

– Осы саланың тағы да көңіл бөлінбей келе жатқан қандай кемшіліктері бар? Психология ұлтына қарай ерекшелене ме?

– Дұрыс айтасыз, бізде этнопсихологияны дамыту керек. Өзіміздің қазақи психологияны әлі ешкім дұрыс зерттеп, мән берген жоқ. Ол еуропалық немесе басқа өркениеттік психологиядан өзгеше. Оны оқытуға қазақи ортада қазақи тәрбие көрген, қазақ дәстүрлерін білетін, қазақтың жанын түсінетін мамандарды тарту керек. Қазақты тану ғылымы керек. Бізде бұл салада ашылмаған жаналықтар көп, бәрі алда деп ойлаймын. Тарихшылар, археологтар, мәдениеттанушылар,

тағы басқа ғылымдар өз жұмысын жасауда, ұлт тарихына қатысты дүниелер ашып жатыр. Ал адамы қайда? Марқұм демограф-ғалым Мақаш Тәтімовтің бір сөзі есімде қалыпты. «Қазақ әлі жас халық, салыстырмалы түрде алғанда, орыстар 45-50-де болса, қытай 60-70-ке жетіп қалған, біздер 18-20-ға жас жігіттіміз» деді. Бұған келісуге болмайды. Қазақ қазақ болғалы 500 жыл деп айта бастадық. Одан әрі де алып қорайық. XV ғасыр бұрынғы 15 мың жыл бұрын бес жүз жылға шегінсек, қазіргі Америка болмаған, мың жылға шегінсек, Ресей түгілі, орыстар болмаған деп айтуға болады. Тағы екі-үш ғасырға шегінсек, тағы бір елдер болмайды. Ол кезде түркілер қолған дей аламыз. Мұны неліктен айтып отырмыз? Жаспыз деген сөз мен үшін құлаққа түрпідей естіліп, ұлтмыз өсіп-жетілмеген жеткіншектей көрінеді. Өкінішке қарай, бұл стереотип қазақтар санасында да тұр.

Ғылымда «этнопсихология», «идентификация» деген термин бар. Адам тұрғысында айтқанда, дүниеге келгеннен бірнеше даму кезеңінен өтеді. Идентификация 15-16 жасқа дейін жүреді. Осы тұста мен кіммін деген мәңгілік сұрақ мазалап, жауабын іздей бастайды. Жеткіншектер үлкендерге қарағанда айнаның тұсынан өтіп бара жатып кідіріп қалады, ешкім жоқта ұрланып, айнаның алдынан шықпайтындары да бар. Бұл адам дамуындағы маңызды кезең, өзін-өзі тану, қоғамға қандай келбетпен келіп, ортада қалай сезінемін деген ойлар осы кезде қалыптасады.

Дәл сондай процесс халық ретінде бірегейлік, өзін-өзі тану үдерісінен өту керек. Ұлттың өлшемінде алсақ, әлеуеті жеткілікті. Бірақ «қазақып» деген



Психиатрлардың айтуы бойынша, соңғы 15-20 жылдың ішінде адамдардың бойындағы психикалық ауытқушылықтар он есеге көбейіп кеткен. Аутизм, гипершапшаң немесе баяу дамыған, бойында кемшілігі бар сәбилер дүниеге көптеп келіп жатыр. Халықтың ерекше тобымен тығыз жұмыс істеген соң, көріп-біліп жүрдім, осыдан он жылдай бұрын «неге бұл туралы қоғамда мәселе көтерілмейді?» деп ойлайтынмын. Әлі де айтылып жатқаны аз. Психикалық ауытқушылық белгілері бар студент жастар саны он есеге көбейді деген дерек бар

жаратылысын тереңінен танып, бірегейліктен өтіп сезінбеген.

Кезінде мен де айттым, «орыс болғанда өмірім жеңілдеу болатын еді» деп. Бірақ одан орыс болмайтынмыз тез түйсіндім. Қалың орыстың ортасында білім алғанда өзімің қазақ екенімді түсініп, «көп нәрсені қазақтардан үйрену керек», «дала психологиясы», «дала демократиясы» дегенді мойындаған ұстаздар тәлім берді. Бір психологиялық мәселені шешкенде барлық еуропалық халықтарды екшеп келіп, қазақтарда солай жасайды, дүниені былайша қабылдайды деп атап өтетін. Және оны мәселенің дұрыс шешімі деп айтатын. Халқымызда өте көп жақсы қасиеттер бар, оны өзіміз бағаламай, өмір сүрудің тірегіне айналдыра алмай жүрміз. Біздің өзімізден жиренудің, ажыраудың, өз құндылықтарымыздан бас тартуымыздың басты қасіреті халықтың бүгінгі тыныс-тірлігінде, мінез-құлқында көрініс тапты. Бір өркениеттің, бір мәдениеттің нәріне қанып, ұлттық дінгегіне байланбаған соң, бағдарымыздан жаңылып, дұрыс таңдау жасай алмай жүреміз. Өзінің асыл тегін білген адам, адамдармен ара қатынасында мыңжылдықтарда қалыптасқан тәжірибені қолданғанда, жана сапамен жаңғырып, оны-мұны күйзелісті елемейтіндей қауқары бойында болады.

– Ал енді жаңағы айналдырылған жеткіншектің өмірде жылы болуы үшін не істеуі керек?

– Жастардың алдында көп шығамын, кездесулер өткіземін. Мектеп бітіретін түлектерге, үлкен өмірдің табалдырығын аттағалы тұрғанда екі нәрседен қателеспендер деп жиі айтамын. Біріншісі – мамандық таңдау, қандай кәсіппен айналысқың

келеді, қандай талантың бар, нендей кәсіп жүрегіңе жақын? Өкінішке қарай, 50-60 пайызы мамандық таңдаудан қателесіп жатады. Бізде ресми дерек бойынша оқу бітіріп, диплом алғандардың 60 пайызы өз мамандығымен жұмыс істемейді. Оның 40 пайызы ғана кәсібіне қатысты жұмысқа кіріседі. Екі жылда олардың жартысы қашып кетеді дейді. Сондықтан «коэффициент полезного действия» – 20 пайыз. Бір нәрсеге 100 теңге салыңыз, оның 20 пайызы ғана сізге қайтады. Демек, жастардың оқуына құйылған ақша желге ұшып жатыр деген сөз.

Екіншісі – өмірлік серіктерін жазбай табу. Қандай жанмен шаңырақ құрып, кімнен бала туып, кімнен бірге қартаюды таңдауда қателесуге болмайды деймін. Жастар бұдан да қателеседі. Оту құрғандардың 50 пайызының ажырасуы – соның дәлелі. Бұрын қазақтар ажырасып па еді? Қазір неге ажырасып жатыр? Біз жоғалып кеткен сияқтымыз. Басқаларға алаңдап, еліміз. Өзгелердің ұстанымын, өмірге көзқарасын үлгі етіп аламыз. Оны айтып жатқандар да аз емес, бірақ ескеріп, өзінің жүрегіне, бітім-болмысына үңіліп жатқандары аз.

– Әрине, осындай жайсыз жайттарды алға кеткен психология қалпына келтіреді деп сенейікші. Алам жанының құпиясы туралы маман құпиясымен бөліссеніз.

– Психология ілімі даму үстінде. Адам жанының қалтарысына үңілуде көп нәрсені ескеру керек. Дегенмен, дүние есігін ашқаннан бұл жалғанды тастап кеткенше дейін келген сенің кезеңің әрбірінде өзіндік дағдарысы бар және оның салдарын болдырмаудың амалы да қарастырылған. Тереңіне бармайын, алайда осы кезеңдердегі дағдарыстарға үміт, мақсат, адалдық, махаббат, қамқорлық, даналық сияқты адами қасиеттермен аяласа өз жолыңды жаңылмайды, дағдарыстарды еңсереді. Керісінше, егер осы тағдырлы кезеңдерде конфликт шешілмей қалса немесе қанағаттанарлықсыз шешілсе, дамып келе жатқан адамның психикалық жағынан зардап шегеді және одан әрі қарайғы өмірінде жағымсыз ізі қалады. Адамның әрбір кезеңде алатын қасиеттері оның жаңа ішкі қақтығыстарға немесе өзгеретін жағдайларға бейімділігін төмендетпейді. Мақсат – адам әрбір дағдарысты адекватты түрде шешкен сайын, жетілген тұлға ретінде дамудың келесі кезеңіне жақындай алады. Қазақта оны сынақ деп айтады. Сол сынақтан сүрінбеген күшейе түседі.

Айгүл УАИС

ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒЫП, ВОЛОНТЕР БОЛДЫ

Жақында ардагер ұстаз, биология ғылымдарының кандидаты Роза Маусымбаева мерейлі 70 жасқа толды. Роза Махметқызы зейнет жасында болса да, салауатты өмір салтын ұстанып, Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында бөлім басшысының қызметін атқарады.

Зейнеткерлікке шыққан соң әлеуметтік саладағы қызметін волонтерліктен бастаған. Астана қаласының Сарыарқа аудандық Ардагерлер кеңесі жанындағы бос уақытты ұйымдастыру орталығында қала зейнеткерлеріне сауықтыру гимнастикасынан сабақ берді. 2021 жылы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Мұхтар Еркетеаевтың шақыртуымен орталықтың Сарыарқа ауданындағы бөліміне психолог болып жұмысқа орналасты. Содан бері Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының ұжы-

мында тапжылмай еңбек етіп, ұжымдағы жастарға үлгі-өнеге көрсетуде.

Бүгінде Роза Маусымбаева жетекшілік ететін бөлім Астана қаласындағы 5 аудан бойынша қызмет алушыларға сапалы әлеуметтік қызмет көрсетуді үйлестіреді.

«Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының басты мақсаттарының бірі – зейнет жастағы адамдарды әлеуметтендіру үшін қолжетімді жағдайлар жасау. Бүгінде егде жастағы адамдардың белсенді өмір

салтын ұзарту мотивациясын қалыптастыру үшін 6 түрлі әлеуметтік көмек көрсетеміз. Бұл – әлеуметтік сауықтандыру, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік еңбек, әлеуметтік бос уақыт және т.б. қызметтер. Орталықтағы дәрігер, психолог мамандарымыз қызмет алушыларды алғашқы медициналық тексеруден өткізіп, психологиялық бақылауда ұстайды. Бұл зейнеткерлеріміздің физикалық және эмоционалдық жағдайын сақтауға мүмкіндік береді» дейді Роза Махметқызы.

Роза Маусымбаева – әлеуметтік саланың білікті маманы ғана емес, педагогикалық және ғылым жолында 30 жыл қызмет еткен білікті ұстаз, ғалым. Медицина саласында оқытушылық қызмет атқарды. Мамандығы бойынша

– психофизиолог. 50-ден астам ғылыми жарияланымдардың авторы. Өзінің медицина саласында жинақтаған білімі мен тәжірибесін әлеуметтік салада ұтымды пайдалануда.

«Психофизиолог маман ретінде жинақтаған тәжірибемді бүгінде егде жастағы адамдардың физикалық денсаулығын нығайтуға жұмсап жүрмін. Менің жұмыс тәжірибем жаттығулар мен әдістерді таңдаудың әдістемелік негіздерін зірлеуде, сондай-ақ қызмет алушыларға эмоционалдық тұрғыдан көмек көрсетуге мүмкіндік берді. Өзім зейнеткер болғасын, зейнет жастағы адамдардың жағдайын жақсы түсінемін» деп сөзін түйіндеді Роза Маусымбаева.

Меруерт ҚАЙЫРТАСҚЫЗЫ



№40 (4628) 04/04/2024 Бейсенбі

БАЛАЛАР ЖАЗУШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Халықаралық балалар кітабы күніне орай Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №3 балалар кітапханасында балалар жазушысы, киносценарист Зәуре Төреханмен кездесу өтті.

Зәуре Төрехан – балаларға арналған кітаптары сұранысқа ие жазушылардың бірі. Оның «Әмина Тұранның көшпенділер еліне саяхаты» атты тұңғыш кітабы «Алтын қалам» ұлттық әдеби байқауында «Жылдың ең үздік балалар әдебиеті» аталымының бас жүлдесін иеленді. Осы кітабы Мәскеу, Франкфурт, Ашхабад қалаларындағы халықаралық кітап жәрмеңкелерінде көпшілікке таныстырылып, Брюссель қаласында өткен «Ашық Еуразия» халықаралық әдеби байқауында үшінші орынды алды.

Жазушының «Алматыкітап» баспасының тапсырысымен «Біздің сүйікті қаламыз Алматы» және аталмыш баспа мен Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының тапсырысымен елорданың 20 жылдығы қарсаңында «Ел жүрегі – ажарлы қала Астана» атты кітаптары жарық көрді. Бұл екі кітап та үлкен таралыммен шығып, жылдам сатылып кетті. Бұған қоса, жазушы урбан фэнтези жанрында жазылған «Айша және Үй пірлері» кітабының, «Күйеубелектер шаһары» ертегілер топтамасының авторы. Ертегілер кітабы Ыстанбұл қаласында түрік тілінде де жарық көрді.

Зәуре Төрехан «Мазмұндама» баспасының тапсырысымен Аме-



рианың атақты Who Q («Кім? Не? Қайда?» сериясы) аясында «Санжар Асфендияров кім?» деген кітапты да дайындады. Бұл кітаптың шығуына атсалысып, ғылыми кеңесші болған белгілі тарихшы, санжартанушы Алмас Жүнісбай.

Кездесу қонағына балалар сұрақтарды қойды. Шығармашылыққа қалай келгені туралы айтқан Зәуре Төрехан

алғашқы шығармалары 6-7 сыныптардың оқушысы кезінде жазылғанын жеткізді. Атасының үлкен кітапханасы болды. Кітап оқуына және жазушылыққа келуіне соның әсері тиді. «Алиса – ғажайыптар елінде» дегендей, оқушы кезінде көрген түстерін дәптерге жазып алып, «Зәуре – түстер елінде» деп атайтын.

ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР

Осыдан үш жыл бұрын Төлеген Момбековтің шәкірті, белгілі күйші Рымхан Әбілханұлы Сәкен шәй ішкен үстелді көздің қарашығындай сақтап отыр деген ақпарат алған едік. Бұл – 2021 жылдың сәуір айы. Осы мәліметті нақтылау үшін күйшімен тілдесіп, үстелдің тарихы, сақталу барысы туралы сұрап білгенбіз.

СӘКЕН ШӘЙ ІШКЕН ҮСТЕЛ

Рымхан Әбілханұлының айтуынша, бұл құнды жәдігер туралы деректер Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романының 375 бетінде баяндалған. Сол романда айтылған кейіпкерлердің тікелей ұрпағы Рымхан мырза Сәкен әңгімелескен Әбіш деген кейіпкердің әйелі Рәш анамыздың тікелей тәрбиесінде өсіпті. Рымхан аға тарихи сәтті былай есіне алды:

«Рәш апамыздың қызы Әуес Әбішқызы – менің туған анам. Ал құнды үстелдің тарихын таратар болсақ, Бейсенбай ауылындағы Бексұлтан деген кісіден мұра болып қалған екен. Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында баяндалғандай, Сәкен сол Бексұлтан атамыздың үйінен дәм татып, дастарқанында болған еді. Төрінде аунап, түнеп шыққанын да романдан білдік. Бұл, шамамен, 1919 жылдың мамыр айы. Бексұлтан атамыздың келіні Мәмилә (Бексұлтан ақсақалдың Батық деген ұлының жары) анамыз Сәкеннің сол күні осы үстел басында отырып, қонақта болғанын айтыпты. Мәмилә анамыз «Сәкеннің көзін көрген» деп содан бері осы үстелді көзінің қарашығындай қорғап, шаң жуытпай сақтап келіпті».

Осы кісілердің келтірген деректеріне сүйенсек, үстел шамамен 1915 жылдары жасалған. «Тар жол, тайғақ кешу» романының тағы бір кейіпкері ноғай саудагер Кәрім деген кісі көзіқарақты оқырманның есінде болар. Сол Кәрімнің ұлы Болат Мақпал деген қызын 1975 жылы ұзатады. Сол кезде Мәмилә анамыз «қажы атамнан қалған тәбәрік зат еді, қырық жыл көрші



тұрған көршім едің» деп Сәкен шәй ішкен үстелді Мақпалдың жасауына қосып береді. Сол Мақпал бүгінде Күйші Рымхан Әбілханұлының құдағиы екен.

Рымхан аға тіршілігінде Сәкеннің көзін көрген үстелді ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып, музей қорына қосуға бар күшін салған еді. Әттен, уақыты аз болды. Тұтқиыл ауырып, арамыздан ерте кетіп қалды. Одан кейін сол кездегі Сәкен Сейфуллин мұражайының директоры, қазақтың көрнекті ақыны Несіпбек Айтұлы да сол үстелді алдыру жолдарын қарастырып жүрген еді. Тағдырдың жазымымен ағамыз арамыздан кетіп қалды. Алдағы уақытта музей қорынан Сәкен шәй ішкен үстел ойып тұрып орын алады деген сенімдеміз.

Қабиден
ҚУАНШЫБАЙҰЛЫ



МЕКТЕП МУЗЕЙІ ҚАНДАЙ?

Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназияда Астанадағы мектеп музейлерінің жетекшілеріне арналған «Мектеп музейінің білім беру кеңістігіндегі рөлі» тақырыбында ІІ қалалық семинар-практикум өтті.

Іс-шара басында аталмыш гимназия директоры Гүлжанат Абдраманова, Ұлттық музейдің біліктілікті арттыру және әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі Меруерт Әмірова семинар-практикумның ашылуымен құттықтады. Қ.Мұхамедханов атындағы №90 гимназия музейінің атқарылған жұмыстарымен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жауынбай Жылқыбайұлы таныстырды. Мектеп оқушылары Мұратбек Нұрқайыр «Алдымда ақын Абай Темірқазық», Досмағанбет Санжар «Сүйем Отан-Анамды», Әйгерім Абдулаева «Ұстазыма» атты Қайым Мұхамедхановтың өлеңдерін оқыды.

Ұлттық музей қызметкерлері мектепте музей жұмысын жүргізу бойынша ойларын ортаға салды. Атап айтқанда, қор жұмысы қызметі, экскурсиялық қызмет көрсету, экспозиция-көрмелік бөлімдердің қызметкерлері өз тәжірибесімен бөлісті. Семинарға қатысушылар мектеп музейлерінің жұмысы туралы ойларымен бөлісіп, пікір алмасты. «Үздік мектеп музейі – 2022» қалалық байқауының жүлдегері атанған Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназия музейін аралау ұйымдастырылып, тәжірибесі таныстырылды. Семинар соңында қатысушылар сертификаттармен марапатталды.

АДЕЛИЯНЫҢ АРМАНЫ

Астана қаласының тұрғыны, көркем гимнастикадан Қазақстан жастар құрамасының мүшесі Аделия Құлмағанбетова – ел намысын байрақты бәсекелерде асқақтатып жүрген спортшылардың бірі.

Қазақстан чемпионатында топ жарып, Таиландта өткен құрлық біріншілігінде Азия чемпионы атанды. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алды. Осымен тоқтамай, барша спортшы сияқты Олимпиада, әлем чемпионы болсам екен деп армандайды. Бұл да алынбайтын қамал емес, себебі Аделия қазір небәрі 15 жаста ғана.

«Аделияның кішкентай кезінен спортқа бейім екенін байқадық. Аулада ойнап жүріп, неше түрлі спорттық жаттығуларды жасайтын. Содан кейін 6 жасында көркем гимнастикаға бердік. Осы уақыт аралығында бірқатар жетістіктерге жетті» дейді Аделияның анасы Динара Fosманқызы.

Аделия – Ақан Құрманов атындағы №17 мектеп-гимназияның 10-сынып оқушысы. Спортпен айналысып, әртүрлі сайыстарға қатысуы сабағына кедергі келтірмейді. Жарыстарда жүргенде сабаққа онлайн қатысады. Анасының айтуынша, ол 4 пен 5-ке оқиды. Спортпен ғана айналыспай, ағылшын тілін меңгеріп жатыр, би, қолөнер үйірмелеріне де барады. Жуырда «Education» баспа үйі Аделияны «Қазақстанның жарық жұлдызы» медалімен марапаттады.



АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ МУЗЫКАЛЫҚ ЖАС КӨРЕРМЕН ТЕАТРЫ

СӘУІР АЙЫНА АРНАЛҒАН РЕПЕРТУАР

ПРЕМЬЕРА	ПРЕМЬЕРА
4 «ШОҚ ҚЫЗДАР» Автор: К.Лодвик Аударған: К.Екешбек Режиссері: Е.Намангөл	13 «МАХАББАТ ЖАҒАЛАУЫ» Автор: М.Бәйдішев Аударған: К.Телмушев Режиссері: А.Мамыров
5 «ТАУНАРТАС» Автор: Д.Жаппасов Режиссері: А.Мамыров	14 «ҚЫЗ ЖІБЕК» Композиторы: Е.Брусиловский Либретто авторы: Г.Мусиралов Режиссері: А.Мамыров
6 «ТАУНАРТАС» Автор: Д.Жаппасов Режиссері: А.Мамыров	16 «CHANEL №5» Автор: М.Омаров Режиссері: А.Мамыров
7 «АБАЙ-ТОРЖАН» Автор: М.Омаров Режиссері: А.Мамыров	17 «ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ...» Автор: А.Володин Аударған: А.Мамыров Режиссері: А.Мамыров
9 «МӘНГІЛІК МҮНЦЫҢ ӨУЕНІ» Автор: К.Мамыров Режиссері: А.Мамыров	18 «ТАУНАРТАС» Автор: Д.Жаппасов Режиссері: А.Мамыров
10 «МӘНГІЛІК МҮНЦЫҢ ӨУЕНІ» Автор: К.Мамыров Режиссері: А.Мамыров	19 «ТАУНАРТАС» Автор: Д.Жаппасов Режиссері: А.Мамыров
11 «ШОҚ ҚЫЗДАР» Автор: К.Лодвик Аударған: К.Екешбек Режиссері: Е.Намангөл	20 «ТАУНАРТАС» Автор: Д.Жаппасов Режиссері: А.Мамыров
12 «ШОҚ ҚЫЗДАР» Автор: К.Лодвик Аударған: К.Екешбек Режиссері: Е.Намангөл	21 «ТАУНАРТАС» Автор: Д.Жаппасов Режиссері: А.Мамыров
13 «МАХАББАТ ЖАҒАЛАУЫ» Автор: М.Бәйдішев Аударған: К.Телмушев Режиссері: А.Мамыров	22 «МАХАББАТ ЖАҒАЛАУЫ» Автор: М.Бәйдішев Аударған: К.Телмушев Режиссері: А.Мамыров
14 «ҚЫЗ ЖІБЕК» Композиторы: Е.Брусиловский Либретто авторы: Г.Мусиралов Режиссері: А.Мамыров	23 «МАХАББАТ ЖАҒАЛАУЫ» Автор: М.Бәйдішев Аударған: К.Телмушев Режиссері: А.Мамыров

Біздің мекен-жайымыз: Астана қаласы, Ж.Смайлов көшесі, 47Б.

Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №90

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА